

Жұлдыз

4' 2017

Серік АҚСҰНҚАРҰЛЫ
КҰДАЙ ЖАЗҒАН КҰРАН ДЕГЕН КІТАП БАР

Жолтай ЖҰМАТ-ӘЛМАШҰЛЫ
ХАЛЫҚТЫҢ СОҢҒЫ «ЖАУЫ»

Шарль ПЬЕР БОДЛЕР
ЗҰЛЫМДЫҚ ГҮЛДЕРІ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ АТАРДА



Автор: Мырзеке, 1988 жылы қараша айында сіз Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология бөлімін басқаруға келдіңіз. Енді сол кездегі оқиғаларға оралсақ.

Мырзатай: Иә, ол жылдар халқымыздың, ұлтымыздың ғасырлар бойғы ұзақ ғұмырындағы ең бір шешуші, бетбұрысты, тағдыршешті кезең еді. Еліміз үшін тәуелсіздік таңы ататын уақыттың жақындап келе жатқанын жүрегіміз сезе бастаған.

Бұрын өмірбаки мызғымас берік қамалдай болып көрінген «Коммунистік партия», «Кеңестер Одағы» деген ұғымдардың іргетасын су шайып, түндігін замана желі, тарих дауылы желпілдете бастаған уақыт еді. Оның алдында, содан екі жыл бұрын, 1986 жылдың қақаған суық қысында жақындап келе жатқан замана сілкінісінің, дәуір бұрқасынының жарқ еткен найзағайындай, дауылпазындай, мұзға жаққан алауындай болып қазақ жастарының желтоқсан көтерілісі бұрқ еткен. Ел намысын, ұлт мүддесін қорғаймыз деп алаңға шыққан халқымыздың жауқазындай ұлқыздарына, жас өркеніне нақақтан нақақ «нашақорлар», «маскүнемдер» деген жала жабылып, Алматының орталық алаңы қызыл канға боялды. Алматы мен облыс орталықтарындағы оқу орындарындағы ел үмігі болады деген талай студенттеріміз оқудан шығарылды, талай тағдыр тәлкекке ұшырады. Мен дәл сол кезде Талдықорған педагогика институтының ректоры едім. Институтта ілуге жарайтын адамның бәрі жазаланды: біраз декандар партиядан шығарылып, қызметтен босатылды, алдыңғы қатарлы студенттер комсомолдан, институттан шығарылды, мен обкомның бюросында қатаң сөгіс алдым. Өзге ұлттың адамдарына ешкім тиген жоқ, қазақ түгел жазаланды. Қазақтың басына бұлт үйірілді, нәубет келді, отыз жетінші жыл қайта айналып келген екен дедік.

Мен бұрынырақтағы берген сұхбаттарымның бірінде желтоқсанды оқиға емес, құдырет, зұлмат деп бағалағаным сондықтан еді. Ол Кеңестер Одағы құлар алдындағы, сол құлауды жақындатқан, жаңа замандағы, жаңа сипаттағы ұлт-азаттық көтерілісі еді. Содан кейін кешікпей сең бұзылды. Империя құлады.

Автор: Мырзеке, ол жылдардағы әрқайсымыздың көкейімізде «шіркін-ай, Одақтың темір құрсауынан босанып шығып, өз алдымызға тәуелсіз ел болсақ қой» деген асыл арман оянып, жүректеріміз жиірек соғып, көңілдеріміздің алабұртып жүрген шақтары есімізде. Адамдардың көңіліндегі сондай аңсар сезімдер уақытына сай анекдоттар да туғызатын болса керек. Желтоқсан көтерілісінен кейін, 1987-1988 жылдары ауыздан ауызға тарап, оңашада айтылатын сол сипаттағы бір анекдот есімде. Ондай әңгімелер ол кезде көбінесе «армян радиосына біреу сұрақ қойыпты, радио былай деп жауап беріпті-мыс» деген сыңайда айтылатын. Сонымен, армян радиосына бір күні біреу: «Айтыңызшы, Кеңестер Одағы құлай ма, одақтас республикалар ыдырап, бөлініп шыға ма?» — деп сұрақ қойыпты. Армян радиосы: «Құлайды. Ыдырайды. Бөлініп шығады»

деп жауап беріпті. «Қай республикалар алдымен кетеді екен?» «Ең әуелі Балтық жағалауы республикалары, содан кейін Украина, Белоруссия, Армения, Азербайжан, Грузия, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Молдавия, Тәжікстан кетеді» деп жауап береді радио. «Ал, Қазақстан ше?» деген сұраққа: «Ең соңында, тоқсаныншы жылдардың орта шенінде Ресейдің өзі Қазақстаннан бөлініп шығады» деген жауапты естігенде жұрттың барлығы күлетін. Ол жылдарда алыстағы мұнартқан арман сияқты көрінетін, республикалардың Одақтан бөлінуі, анекдотта айтылғандай, тоқсаныншы жылдардың ортасына жетпей, бас кезінде-ақ жүзеге асты емес пе. Халық аузымен айтылатын әлгіндей әңгімелерде шындық жататынын өмірдің өзі көрсетті.

Мырзатай: Сонымен, 1988 жылы министр қызметін атқарып жүргенімде бір күні Нұрекен шақырды, ол кезде ол — Министрлер Кеңесінің төрағасы:

— Болып жатқан оқиғалардың бәрін көріп отырсың. Алда сан түрлі қиындықтар, қым-қиғаш оқиғалар, неше түрлі сынақтар тосып тұр. Сенің министр болып тағайындалғаныңа да көп болған жоқ. Десе де елдегі бүгінгі ахуалды ескере отырып, Колбин сенің орталық партия комитетіне қызметке ауысқаныңды жөн көріп отыр, бұған қалай қарайсың? Үш министрлік бірігіп, Білім министрлігі болмақ, бізге қазір ең негізгісі — Орталық партия комитетін күшейту керек болып тұр, — деді.

— Мен өмірімде партия органдарында істемеген адаммын. Партияның жұмысын білмеймін ғой, — дедім мен.

— Мәселе онда емес, мәселе — халықпен жұмыс істей білуде. Елдің тілін табуда. Әсіресе, саясатқа ықпал жасайтын интеллигенциямен, қазақ интеллигенциясымен жұмыс істей білетін, сол ортаға ықпал жасайтын адам қажет. Оған сені лайықты деп отырмыз.

— Онда өздеріңіз біліңіздер, — дедім.

Одан кейін Колбин шақырды. Онда да тура осы әңгіме қайталанды.

— Сіз керексіз. Жәнібеков те сізді қолдап отыр, — деді ол. Содан біраз уақыт бұрынырақта Орталық партия комитетіне идеология жөніндегі хатшы болып Өзбекәлі Жәнібеков келген. Ол кезде «бірінші», «екінші» хатшы дейтіндер бар, ал үшінші хатшы — идеология жөніндегі хатшы болатын.

— Онда жарайды, — дедім.

Автор: Мырзеке, осы жерде бір сұрақ. Анау Закаш Камалиденов қалай кетті? Желтоқсан көтерілісінен кейін Орталық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы ретінде барынша белсенділік көрсеткен еді ғой. «Махровский казахский национализм» дегенді көп айтып, Мәскеуге жағынып жүргендей көрінетін бізге. Оның кетуіне не себеп болды. Өзбекәлінің ол орынға келгені, әрине, керемет жақсы болған.

Мырзатай: Иә, жаңа алдында айтқанымыздай, Желтоқсан көтерілісі жалпы Кеңес Одағындағы сең сияқты сіресіп жатқан коммунистік саясатқа, Орталықтың жасап жатқан әділетсіздігіне қарсы көтеріліс еді. Соның дүмпі, салдары да сеңнің бұзылуын тездетті. Алдымен Балтық жағалауындағы елдер бөлінді. Іргесін сыртқа салды. Олар осы оқиғаны, сол кездегі саяси жағдайларды пайдаланды. Соған дейін де өздері ылғи ары қарап, батысқа қарап елендеп, бүйрегі бұрып отыратын. Орталық партия комитеті хатшыларының съездердегі сөзінен байқайтынбыз. Өзге республикалар басшылары лапылдап, ылғи жағымпазданып сөйлейтін, ал олар ондайға көп бара бермейтін. Сөздерін екшеп айтушы еді. Осындай жағдайда Закаш Камалиденовты жақсы білесіңдер ғой, өз халқына жау демеймін, бірақ комсомол, партия мектебінен өткен. Сол кездегі халықтың ұғымында халыққа қарсы, мемлекетті қорғаудың айбынды құралы — КГБ еді ғой. КГБ-ні де біраз жылдар басқарған. Сол жерде істеген адамдардың қанына, сүйегіне сіңе ме деймін, саған қарағанның өзінде құманданып, көзі ойнап тұратын. Министр боларда алдынан өттім ғой, сонда анық байқадым соны. Былай орнығып отырып, байсалды түрде елдің, халықтың қамын ойлайтын адам болып көрінбейтін. Лауазымды, орнын бағалайтын, қалай болғанда да билікке ұмтылатын кісі сияқты еді. Қысқасы, Закаш Камалиденов ол кезде қазақтың сенімінен шығып қалған-ды.

Автор: Мен жетпісінші-сексенінші жылдарда Орталық партия комитетінде жауапты қызметте болғандықтан, ол кездегі жағдайды білемін, Мырзеке. Алдында республикамыздың мемлекеттік қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары болып істеген Закаш 1980-82 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болды. 1982-85 жылдарда республика қауіпсіздік комитетін басқарды. Бұл кезде оның орнына Кәкімжан Қазыбаев атқарды хатшылық қызметті. 1985-88 жылдарда Закаш қайтадан Орталық Комитетке келіп, идеология саласына басшылық етті.

Мырзатай: Желтоқсан көтерілісінен кейін республикадағы жағдай өзгерді. Содан, ел оянған, Одақ ыдырауға бет алған заман келгеннен кейін оның заманы, дәурені өтті. Колбин Қазақстанды, қазақтарды білмейтін. Желтоқсан көтерілісі оны қазақтардан қатты жасқандырып тастады. Колбинге енді өз маңайына қазақ халқы арасында беделі бар адамдарды тарту қажет болды. Ал Закаштың қазақ ұлты, зиялылары арасында беделі биік болмады. Ол сол орында ары қарай отыра берсе, Колбинге пайдасынан гөрі зияны көбірек тиюі мүмкін еді. Сондықтан оны Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы қызметіне жылжытып, орнына Өзбекәліні алып келді. Колбинге сол кезде елге сөзі өтетін, өзін қолдайтын адамдар қажет еді.

Автор: Ол уақытта Өзекеннің қазақ жұрты арасындағы қалыптасқан имиджі, бейнесі жағымды, бәсі жоғары болатын. Шымкент облысының, республиканың жастар ұйымын басқарған жылдарда өзін ұлтымыздың нағыз патриоты, жанашыры ретінде көрсеткен еді. Мен ол жылдарда «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары болғандықтан, сол кездегі Өзекеннің ұйтқы болған біраз істерін білетін едім. Шымкент облысының комсомол ұйымына жетекшілік жасаған жылдарда ол небәрі жиырма үш жыл ғана ғұмыр кешкен, бірақ артында аққан жұлдыздай жарқыраған із қалдырған, 1921 жылы небәрі он тоғыз жасында әуелі Самарқан өлкелік, артынша Түркістан республикасы комсомол ұйымы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болып сайланып, Ташкентте қазақ тіліндегі «Жас Алаш» газетін ұйымдастырған, оның тұңғыш редакторы болып қол қойған, 1922 жылы Ресей Коммунистік Жастар Одағының 5-съезінде РКЖО Орталық комитетінің мүшесі, Орталық Азия бюросының алғашқы төрағасы болып сайланған, ал 1924-25 жылдары Ресей Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы Орталық комитетінің бюро мүшесі, Коммунистік Жастар Интернационалы атқару комитетінің Шығыс елдері жастары арасындағы жұмыс бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып жүріп, өкпе ауруынан қайтыс болып, Мәскеуде жерленген Ғани Мұратбаевтың зиратын тапқызып, басына ескерткіш орнатқызды. Ғани есімін республикада және Одақ көлемінде қайта жаңғыртты. Қазалы қаласында Ғаниға арналған мемориалдық мұражай аштырды. Ғаниға өзінің туып-өскен өлкесінде де ескерткіш қойылуы керек деп облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Макаровқа кіргенінде, ол: «ескерткіш орнататындай сенің Ғаниың Ленин бе еді?» деп кекетіп, қарсы болып, қаржы бөлдіртпейді. Бірақ Өзекен алған бетінен қайтпай, облыс жастарының сенбіліктерін ұйымдастырып, содан түскен қаржыға Ғаниға бәрібір ескерткіш орнатқызады.

Республикамыздың комсомол ұйымын басқарған жылдарда ол ұлтымыздың творчестволық жас күштерін, таланттарын қанаттандырып, қолдау көрсетіп отыру үшін Қазақстан комсомолының сыйлығын белгілетті. Оның тұңғыш лауреаты атағын өмірден тым жас кеткен, бірақ артында жасөспірімдер бойына аса жоғары адамдық, адамгершілік қасиеттерді егетін шығармалар қалдырған Саттар Ерубаев иеленді. Одан кейінгі жылдарда сол жастар сыйлығының лауреаты болып әдебиеттегі, өнердегі қаншама жас таланттарымыздың жұлдызы жанып, бағы ашылды. Өзекеннің мәселені жігерлі қоюы арқасында Алматыда Қазақстан комсомолы Орталық комитетіне арналған сәулетті жаңа ғимарат салынды. Республикада көптеген жастар ансамбльдері құрылды. Жастар театры ашылды. Өзекеннің Мәскеу алдында да беделі биік еді. Ол Бүкілодақтық Ленин комсомолы Орталық комитетінің сол кездегі бірінші басшылары Тяжельниковпен, одан кейінгі Пастуховпен де сыйластықты, жақсы қарым-қатынаста болғанын

білетінбіз. Қазақстан тарихында республика жастар ұйымының жетекшісі тұңғыш рет БЛКЖО Орталық Комитетінің бюро мүшесі болып сайланғаны да сол жылдар еді. Бірде мынадай жағдай болады. КСРО-дан шет елге шығатын өнерпаздар тобына қосу үшін Өзекең Қазақстаннан домбыра тартып, ән салатын жас таланттарымызды алып барады. Олардың шет елде домбырамен қазақша ән салуына Мәскеудегі комсомолдың кейбір басшылары қарсылық білдіреді. Сонда ұлттық намысы шыдас бермеген Өзекең: «Егер біздің қазақ жастары шет елде домбырамен өнер көрсетпесе, пресс-конференция ұйымдастырып, лениндік ұлт саясаты бұрмаланып жатыр деп сөз сөйлеймін де, оларды елге алып қайтамын,» – деп мәлімдейді. Мәскеулік басшылар амалсыз көнеді.

Мырзатай: Өзекеңнің ұлтқа сіңірген еңбегі шексіз. Комсомолдан кейін жаңадан құрылған Торғай облыстық партия ұйымына үшінші хатшы етіп жіберілді. Онда да аянбай қайрат көрсетіп, тыңнан құрылған облысқа радио, теледидар желісі жетуіне, Аркалықта облыстық сазды қазақ драма театры ашылуына, филармония құрылуына, «Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамблін, облыстық өлкетану музейін ұйымдастыруға, айтыс өнерін қайта жандандыруға ұйытқы болды. Мәдениет министрлігінде алғаш орынбасар, кейін министр болып істеген жылдарда ұлттық өнерімізді дамытуға, тарихи және мәдени ескерткіштерімізді қорғауға, сақтауға көп еңбек сіңірді. Алматыда көне ұлттық аспаптар мұражайын ұйымдастырды. Осылай айта берсек істеген игілікті істері толып жатыр. Ол ұлтын жанындай сүйген, халқына, оның өнеріне, оның тарихына, оның этнографиясына, оның салт-санасына барынша адал қызмет еткен жаны таза азамат еді. Ол саналы өмірін ұлтына, өз ұлтының руханиятына арнады. Жаны жайсаң, нағыз қазақи ұғымдағы аға, жігіттің төресі еді. Ешқашан қайталанбайтын тұлға.

Автор: Сырт карағанда тұнжыранқы, қабақ аша бермейтін, сұсты көрінетін Өзекеңнен әсіресе славян жұртынан шыққан қызметкерлер қатты қаймығатын. Жексенбек Еркінбеков мәдениет министрі, Попов пен Өзекең орынбасарлары болып тұрған кезде олардың өзара әңгімесінде: «министерство культуры сейчас возглавляют один домбрист, один сионист и один садист» деп айтып отырғандарын өз құлағыммен естігенмін. Домбырашысы – Жексенбек, «сионисі» – Попов, оның ұлты еврей болатын, «садист» деп отырғаны – Өзекең ғой.

Мырзатай: Сонымен, Орталық партия комитетіне мен 1988 жылы қарашаның бесі күні бөлім меңгерушісі Устиновтың бірінші орынбасары болып келдім. Мен келген бойда Устинов емделуге кетті де (содан соң қызметіне қайта оралған жоқ), бөлім меңгерушісінің қызметін атқаруға кірістім. Келесі Пленумда мені бөлім меңгерушісі, Романов Игорь Матвеевич деген жігітті менің бірінші орынбасарым етіп бекітті. Ол өзі партиялық қызметте ысылған, көп сөзі жоқ, жұмысты жақсы білетін, кішіпейіл азамат екен. Мен басқарған Идеология бөлімі бұрынғы төрт (насихат және үгіт, оқу-ғылым, мәдениет және шет елдермен байланыс) бөлімдерінен құралған еді. Екінші орынбасарым Рысты Сариева алдында аудандық партия комитетінде бірінші хатшы болып істепті, ондай жауапты жұмысты кез-келген адамға, оның үстіне қыз балаға жайдан-жай жүктей бермейді ғой, жоғары партия буынындағы тәжірибесі аздау болғанмен, ортақ ісімізге аянбай барын салатын. Бөлімде ол кезде іріктелген, тәжірибелері, білімдері, біліктері мол қызметкерлер істейді екен. Сектор меңгерушілері, нұсқаушылар Ербол Шаймерденов, Сауытбек Абдрахманов, Төлен Әбдіков, Нәля Жұбасова, Сабыр Қасымов, Жұмағали Наурызбаев, Жүнісбек Сұлтанмұратов, Александр Штопель, Марат Қаңтарбаев, Николай Ларин, Амангелді Қайырбаев, Клара Шерьяздановалар бұрынғы төрт бөлімнен іріктеліп алынған азаматтар еді. Өзім келген соң Алексей Волков, Колпаков Константин деген жігіттерді жұмысқа алған едім, Колпаков кейінірек юстиция министрі болды, ақыры Ресейге кетіп қалды.

Өзекең ол кезде орталық комитеттің хатшысы, әлдеқандай жұмыспен Парижге бір айға іссапарға жүргелі жатыр екен. Кетерінде мені шақырып алып, Алаш арыстарын актау жөнінде комиссия құрылғанын, төрағасы болып академик

Жабайхан Әбділдин бекітілгенін айтып, комиссияның қорытындысы мен Орталық партия комитеті бюросы шешімінің жобасын мен келгенше дайындап қойындар деп тапсырды. Жабайхан – ол кезде есімі одаққа белгілі ғалым болуымен бірге өте бір мәмілегер, еңбекқор адам екен. Тапсырылған іске құлшына кірістік. Комиссия мүшелері барын салды. Мен де тыным таппадым. Абзал ағаларымызға тағылған айып пен тергеу істерінің қорытындыларын көзбен көрейін деп мемлекеттік қауіпсіздік комитетімен хабарластым. Бастығы ол кезде Мирошник деген еді, шовинист болатын, қазаққа іші жылымайтын. Алдында көңісі келмей, «Может не надо. Зачем Вам это?» – деген. «Жоқ, менің көргім келеді», – дедім. Ол істерді негізінен жұртқа көрсетпейді екен. Архивте жатқан том-том қағаздар. Маған керегі абзал ағаларымыз кінәларын мойындаған ба, жоқ па, соның анығын білгім келді. Бір күні орынбасары маған телефон соғып: «Өзіңіз келіп, бізде отырып қарағаныңыз дұрыс болар», – деп тұр. «Больше ничего не хотите? Принесите!» – дедім даусымды суытып. Ол кезде партияның билігі әлі күшінде еді. Содан бір адамы істі әкеледі, өзі көз жазбай қарап отырады, артынан алып қайтады. Халқымыздың қасиетті абзал ұлдарының: «мен жапонның тыңшысымын» деп мойындап, қойған қолдарын көргенде жаным шошыды, көкірегім қан жылады, жүрегім шайлығып кетті. Ұрып-соғып, істемегенді істеп, көрмегенді көрсетіп, әбден азаптап, қорлап, зорлап қойдырған, әрине. Өз елінде, өз жерінде қазақ қайраткерлерінен басқа еш жерде, еш елде ешкім мұндай қорлық көрмеген шығар деп ойлаймын.

Автор: Құлаққа кірмейтін, ақылға симайтын, ойдан шығарылған, саусақтан сорған айыптаулар ғой. Сонау қиырда, алыста жатқан Жапонияның ол кезде Қазақстанмен барыс-келіс, алыс-беріс қарым-қатынасы да жоқ кезі ғой.

Мырзатай: Олардың одан кейінгі тағдыры «тройка» дегендердің қолында болды. Үш адам отырады да, «атылсын» деп қол қояды. Бітті. «Бұл адам ұлтын, елін сүйген, халқына қызмет еткен азамат еді ғой. Жазығы жоқ. Артында бала-шағасы, елі-жұрты бар емес пе» деген ой ешқайсысының миына кіріп-шықпаған. Бір-екеуін қараған соң, ондай істерді ары қарай қарауға дәтім шыдамады...

Осындайды көрген соң ашына кірістік. Мәселе тез әрі тиянақты дайындалды. Өйтсек қайтеді, бүйтсек қайтеді, анау-мынау ғой деп қынырайған ағаларымыз да болды. «Мынадай мүмкіндік туып тұрғанда артық әңгімені қояйық» деп оларды тиып тастадық. Оларды да түсінуге болады, көп жылғы түсініктерінен шыға алмай малтығып жүр ғой, баяғы. Сөйтіп, Өзбекәлі келгенше материалдарды тас-түйін етіп әзірлеп қойдық.

Өзекеннің керемет жері, бұрын бір рет ол туралы «танк сияқты еді» деп айтқанмын, алдына дайындалып келген жүздеген құжаттардың ішінен қазаққа пайдалы біреуін көріп қалса, дереу шешім қабылдатып, билік төрінен бір-ақ шығаратын. Жаны да, ары да таза адам еді. Парижден қайтып келген соң бұл мәселені бірден қолға алды. Сөйтіп, 1988 жылдың 28 желтоқсанында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы Алаш арыстарына қатысты тарихи шындықты қалпына келтіру жөнінде шешім шығарды. Ұлтымыздың ардақты асыл перзенттері Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтар ақталып, халқымызбен біржола қайта табысты. Мұның бәрі оңайлыққа түскен жоқ. Сол кезде Өзбекәлі Жәнібековпен бірге осындай игілікті істің басында болғанымды өзіме бақыт санаймын.

Автор: Мен Орталық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінде біраз жыл қызмет істедім ғой. Сонда бір жолы Шәкәрімді ақтау, шығармаларын қайта жариялау жөнінде елден түскен өтініштерге орай бір ай бойы осы мәселемен айналысқан едім. Тарихтан Шәкәрімнің НКВД адамдарының қолынан жазықсыз қаза тапқанын білеміз ғой. Сонда олар өз қылмыстарын ақтап, заңдастыру үшін оған қолына қару алып, бандиттерге қосылып, кеңес үкіметіне қарсы күресті, атыста қаза болды деп жала жауып, жалған қағаздар толтырып, есімін халық жауларының қатарына мықтап қостырып қойған. Сөйтіп, отызыншы жылдардан кейін шығармалары шықпаған, есімі аталмаған.

Сонда мен Шәкәрімнің біреуге мылтық кезеп, оқ ататын адам емес екенін оның өзінің өлеңдеріне, өмірге деген көзқарасына, ғұмыр бойы адамгершілік қағидаларын әспеттеп өткеніне, ешкімге зәбір көрсетпеуді, қиянат жасамауды уағыздаған орыстың ұлы жазушысы Толстойды өзіне ұстаз тұтқанына сүйене отырып дәлелдеуге тырысқанмын. Шәкәрімнің «Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың» деп басталып, ар жағында «мың сопыны Толстойдың тырнағына алмаймын» дейтін өлеңін жолма-жол орыс тіліне аударып, бөлімнің атынан дайындалған анықтамаға қосып қойғанмын. Сонда Шәкәрімді ақтауға алдында қырын қарап жүрген ұлтты орыс бөлім бастықтарының өзі жібіп сала берген еді. Сөйтіп бөлім ұсынысына олар да қол қойып берген. Бірақ біз онда мәселені бәрібір Орталық Комитеттің бюро мәжілісіне дейін жеткізе алмадық.

Мырзатай: Шәкәрім ел жүрегінде еш уақытта ұмытылған емес. Ол туралы жұрттан түскен өтініштерді қарап, КСРО-ның Бас прокуроры 1958 жылы марқұмды ақтаған да болатын. Содан кейін 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде Шәкәрімнің бір топ өлеңдері жарық көрген.

Автор: Біз ол кезде журналистика бөлімінде оқитын студенттерміз. Шәкәрімнің сол «Қазақ әдебиетінде» жарияланған, Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңі үлгісімен жазылған жастық туралы таңғы шықтай мөлдіреген жауһар жыры, басқа да өлеңдері поэзия әлемінде бұлттан шыққан айдай болып, жарқ етіп, бәрімізді ғажап қалдырған. Сусынымыз қанбай шөліркеп, шіркін, басқа да өлеңдерін, шығармаларын оқысақ деп армандағанбыз. Ол арمانымыз орындалмады. Шәкәрімді атқан адам ол кезде тірі еді. (Ұрпақтары бар шығар, олардың жазығы жоқ қой, сондықтан аты-жөнін атамай-ақ қояйық.) Сол Мәскеуге дейін қуалай шағымданып, шығармалары шықпай, есімі қайтадан жабылған күйі қала берді.

Келесі жылы Рымғали Нұрғалиев досым екеуміз Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне тәжірибеден өтуге бардық. Бір күні редакцияға түскен хаттардың ішінен Рымғали бірнеше өлеңді маған көрсетті. «Бұларды жазған, жіберген кім екенін білесің бе? — деп сұрады. Сонан соң: — Бұл баяғы Шәкәрімді атқан оңбағанның нақ өзі», — деді. Сөйтсек ол Қарағанды облысында тұрады екен. Кесек денелі, түсі суық, көзі қызарып, ішіп жүретін адам деп естігенбіз. Өлеңдері нашар. Екеуміз ақылдасып, өлеңдерінің газетке жариялауға жарамайтынын айтып, “нағыз ақын деп мәселен Шәкәрімді, ғажап өлеңдер деп оның «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған өлеңдерін айтуға болады. Шәкәрім сияқты, басқа да шын ақындардан үйреніп, талпынып жаза берсеңіз түбінде газетке жариялауға да жарап қалатын өлең тудыра алуыңыз мүмкін” деген сыңайда өзімізше келістіріп, жүйкесіне тие, кекесінге толы жауап жазып жібергенбіз, астына қолдарымызды қойғанбыз. Кешікпей редактордың атына біздің «сыбағамызды» берген, «маған халық жауының өзін, өлеңдерін үлгі етіпті, редакцияда өзіңіз қандай қызметкерлерді ұстап отырсыз» деген, доңайбат көрсеткен хат келді. «Өлеңдерінің деңгейіне қарай жазылған жауап еді» дедік біз.

Мырзатай: Мен, алдында айтқанымдай, бұрын партия орындарында мүлде қызмет атқармаған адаммын ғой. Орталық комитетке келгенде алғаш байқағаным, маған осындағы қызметкерлердің бәрі сіресіп, галстук тағып алып, оқтау жұтқандай болып жүретіндей көрінді. Жүріс-тұрыстары, сөйлеу мәнері — бәрі де жасанды секілді еді. Мен өйте алмадым. Жұмыс барысында: «Әй, Сауытбек, әй, Төлен, анау қалай еді?» дей саламын. Төлен Әбдікович, Сауытбек Абдрахманович, немесе Жұмағали Жүкенович дей алмаймын, өзімнің қолымда оқығандар. Әбіштің бүйрегі бұратын Амангелді Қайырбаев деген жігіт бар еді, сұр түстілеу, жымып, күлмейтін, бірақ жұмысына ұқыпты еді. Бүкіл бөлімді жинап алып, кейде қазақшалап кететінім болатын. Бір жолы «әй, Сауытбек» дедім бе, «Төлен» дедім бе, әлгі жігітіміздің «надо же кончат панибратство» дегені. Көңіліме келді. Шыдай алмадым. «Шық» дедім. Шығып кетті. Сол үшін жұмыстан шығарып жібермейсің ғой. Жұмысын одан кейін де бұрынғыша істеп жүрді.

Автор: Ол жігітті мен танимын. Орталық комитетте бірге істегенбіз. Үнемі таза, ұқыпты киініп жүретін. Жұмысын білетін. Көп сөйлемейтін. Ешкіммен сыпайы қарым-

катынастан әріге бармайтын.

Мырзатай: Сол кездегі Орталық партия комитеті басшыларының ішінде Өзбекәлідей ұлтына, оның тарихына, мәдениетіне, өнеріне жақын болған өзге адамды білмеймін. Көргенімді айтайын. Көрмегеніміз де бар ғой ар жағында. Сапырылысқан қат-қабат жұмыстардың арасында ғылымды да ұмытпайтын, этнографияны да ұмытпайтын, тарихи ескерткіштерімізді қалпына келтірейік деп шырылдап жүретін. Ерінбейтін. Бізге берген тапсырмаларын баяндауымыз керек қой. Баяндайық деп барсақ, кабинетінде біреу отырады, архитектор, немесе биші. Бұрын, мәдениет министрі болып жүргенде «Алтынай» деген бір ансамблін құрған. Сол «Алтынайдың» балетмейстері отырады. Болмаса, соған би қоятын, Ленинградтан шақырған, құр сүйек пен тері, Галушкевич деген кемпір отырады. Ел ішінен бір биді тауып алады да, «бидің табиғатын керемет біледі, сол өндесін, қойсын, дайындасын» деп Галушкевичті шақыртады.

Автор: Өзекең халқымыздың этнографиясынан, ою-өрнектерінен диссертация да қорғады ғой.

Мырзатай: Иә, Өзекең билікте болған қазақтардың ешқайсысына ұқсамаған бірегей тұлға еді. Өзбекәлінің бір-ақ нәрсесін білмеймін, ақындығы болды ма, жоқ па. Бір шумақ өлең жазыпты дегенін естімеппін. Онан басқаның бәрі қолынан келетін. Сұмдық әңгімешіл еді. Сондай әдемі, жүйелі айтатын. Маған Алматының тарихы туралы талай әңгіме айтты. Алматының тарихын қашан, қалай зерттеген деп таң қалғанмын. Сол кезде: «Өзеке, қазір телевидение бар, осы әңгіменің бәрін айтып, жаздырсаңызшы», — деп, ұсыныс та айтқанмын. «Ой, боже, оған уақытты қайдан табамын», — деп еді. Сол білгендерінің бәрі кетті өзімен.

Сол жылдары біз Өзбекәлі екеуіміз тізе қосып отырып жұмыс істедік. Ол кісі мені өзімен тең ұстады. Бірақ мен өзімді оған теңмін деп ойлағаным жоқ. Өзбекәлі бұрын комсомолды басқарды, биліктегі, партия органындағы оның тәжірибесі мол еді. Әбден қалыптасқан, ысылған еді. Қай жерге де сыйып кететін еді. Қай жағына да: партия жұмысына да, мемлекеттік жұмыста да, қоғамдық жұмыста да, халықпен жұмыс істегенде де, ғылымда да, білімде де, өнерде де, бәріне сиятын адам еді. Сол кезде Өзбекәлі Орталық Комитеттегі өзінің орнын дәл және уақытында тапты деп ойлаймын.

Автор: Мырзеке, менінше, дәл осы сөздерді сіздің өзіңізге де айтуға болар еді.

Мырзатай: Өзекең мені көп нәрсеге үйретті. Жұмысқа, әсіресе ресми хат жазуға өте шебер болатын. Күндіз жүйкенді, түнде көз майынды тауысып жазып әкелген материалыңды қайшымен аяусыз қаршылдатып турап сала беретін. Өзімен бірге жасасып келе жатқан атақты жарты метрге жуық турағыш, қырыққыш ақ қайшысы болатын. Алдына материал әкелсең көзілдірігін киіп, бір көзін қысып отырып сыза бастағанда, қағазды қышырлатып қия бастағанда маңдайыңнан шып-шып тер шығатын. Бір емес, екі емес, істейтіні ылғи осы болатын, ешқашан ерінбейтін. Бірде маңызды бір құжатты бірнеше адаммен отырып, әбден иін қандырып, пісіріп әкелдім-ау, енді сызып-турамайтын шығар дегенімде, ағам тағы да баяғы әдетіне басты.

— Енді мен қағаз әзірлемеймін, өзіңіз дайындаңыз! — деп, алдындағы қағазды жиып алдым да кеттім. Өзекең аң-таң болды да қалды. Мен төртінші, ол кісі алтыншы қабатта отыратынбыз. Кабинетіме келіп, ызасына қойып кеткен темекіні қайта тартып отырған кезімде кремлевка телефоным шыр ете қалды. Көтерсем, Өзекең екен. Жұмыс арасында ол кейде орысшалап та жіберетін.

— Чего ты горячишься, зайди, поговорим, — деді. Мінезі қиын адам еді. Барсам ба екен, бармасам ба екен, деп ойландым да, бардым.

Келсем, Өзекең жібектен де жұмсақ, жайдары күлімдеп, балбырап отыр.

— Сен де бірмойын қырсық екенсің ғой, жұмыста ондай-мұндай бола береді, — деп көңілімді жұбатты.

Ашуым басылмаған мен де:

— Не, сізден бөтен адам қолына қалам ұстап көрмеп пе екен, алдыңызға қағаз әкелсек, қасапшының пышағындай өне бір жарты метр қайшыңыз жалаңдайды да тұрады, — дедім.

Күліп жіберді. Осыған дейін бізге қатал, дөң мінез, түсі сұп-суық боп көрінетін Өзбекәлі ағам жібектей есіліп, баладай балбырап сала берді. Апыр-ай, бұл кісі де күледі екен-ау, жайдары сөйлесе алады екен-ау деп ойладым ішімнен.

Автор: Алаш арыстары ақталған соң, кешікпей-ақ барлығының асыл мұралары, кітаптары да тегіс қайта басылып, жарық көрді ғой.

Мырзатай: Алаш арыстарын ақтап, көңілімізді бір демдеп алғаннан кейін, ұзақ жылдар бойына мүлде айтылмай кеткен олардың еңбектерін халқымызбен қайта табыстыруға, кітаптарын шығаруға да асығып, құлшына кірістік. Мемлекеттік баспа комитетімен, ғылым академиясымен, республикалық баспалармен бірлесе, қоян-қолтық, күнбе-күн, тынбастан қызу жұмыс жүргізілді. Бұл іске белгілі ғалымдарымызды, ақын жазушыларымызды да жұмылдырдық. Халқымыздың рухы қайта ояңғандай болды. Мұраларды шығаруда кейбір кедергілер, қиындықтар да кездеспей қалмады. Солардың бірін ғана айта кетейін. Шығуға тиісті кітаптар ішінде Мағжанның да жинағы бар еді. Онымен М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты айналысып жатқан. Енді кітапқа алғысөзді кім жазады деген сұрақ туындады. Өз басым сол кезеңде ақын жинағына салиқалы сөзді Әбділда Тәжібаев ағамыз айта алар еді деген ойда болдым.

Ол уақытта Мағжан ақынның зайыбы Зылиха жеңгеміздің көзі тірі. Сол кісінің келісімін алу керек еді. Зылиха жеңгей Алматыдағы халық шаруашылығы көрмесінің жоғарғы жағында, Қазақфильмнен төменірек, ірі панельден салынған екі бөлмелік шағын пәтерде тұрушы еді. Өзі шынашақтай, кішкентай адам еді. Ескі шифонер, ескі төсек, жұпыны тұрмыс. Телевидениеде істейтін немереме қызы болды үйінде. Әдейі ат басын тіреп барып, жеңгемізге сәлем бердім, ақынның жинағына алғысөзді Әбділда Тәжібаев ағамыз жазсын дедім. Ол кісі үзілді-кесілді қарсы болды. Мағжан ұсталар кезде Әбділда сынап өлең жазған, Мағжанды қаралаған деп азар да безер болды. Мен болсам ол заманның келмеске кеткенін, бұл заманның пиғылы, ұстанымы мүлде бөлек екенін айтып түсіндіремін. Зылиха жеңгеміз ойланып-толғанып, көнгендей болады.

Әбділда ағамыздың азаматтығын да, ақындығын да талай тұста таныдым. Соның бірі — Мағжан кітабының шығуы. Зылиха жеңгеміздің ақын кітабына алғысөзді Әбекең жазуына келісімін бергісі келмегенін айттым ғой. Бүгін келісім береді де, ертесіне айнып шыға келеді: «Әбділданың алғысөз жазуына қарсымын,» — деп телефон соғады. Әлдекім араға жүріп, теріс пікір таратып, жеңгемізді нілдей бұзып, азғырып, әбден титығымызға жетті. Зылиха жеңгеміздің үйіне үш рет бардым. Соңғы рет барғанымда:

— Алдыңыздан үш рет өттім. Мағжан халықтың адамы. Өзіңіз біліңіз! Кітап үкіметтің қаржысына шығып жатыр. Келіссеніз де, келіспесеңіз де, алғысөзді кімге жаздыруды Орталық комитет өзі шешеді, — дедім. Зылиха жеңгей үнсіз қалды.

Ертесіне Әбділда ағамыздың үйіне бардым. Болған оқиғаны жасырмай түгел жайып салдым. Ол кісі таяғын қос қолдап ұстап, жағына тіреп, алға қарап үніліп, ойланып ұзақ отырды. Біраздасын:

— Бәріміз де ол кезде уақыттың құлы болдық қой. Биліктің айтқанынан шыға алмадық. Басшылардың басы қалай қисайса — солай бұрылды. Мағжанға қарсы сын өлеңін жазғаным рас. Сол күнәмнан қашан арыламын деп түн ұйқымды төрт бөлемін. Сол күн туса кәні! Ақын алдындағы, ар алдындағы, ағаның әруағы алдындағы күнәмнан арылатын күнді аңсаймын, — деп, көзіне жас үйіріліп, тебіреніп, толқып кетті.

Екі-үш күн мерзімде ақын өз ішіне өзі үңіліп, күңіренгендей болып отырып, төгілдіріп, алғысөзді жазып шықты. Көп ұзамай Мағжанның өлеңдер жинағы Әбділда Тәжібаевтың алғы сөзімен жарық көрді.

Автор: Мырзеке, сіз Колбинмен бірер жыл қызметті бірге істедіңіз ғой. Жалпы, ол кісі қандай адам еді?

Мырзатай: Орталықтың оны Қазақстанға неге жібергені түсініксіз болатын. Ол Қазақстанды, қазақтарды, қазақтың тарихын білмейтін, білгісі де келмейтін. Байқауымша, партия жұмысына да алғырлығы шамалы еді. Ішкенді тәуір көретін адам сияқты еді. Ол кісінің бойынан кісілік, инабат, мәдениет сезілмейтін.

Автор: Сенбі, жексенбі күндері үйінде жалғыз жатып ішеді екен дегенді сол кезде біз де естігенбіз.

Енді сол Колбин келген кездегі республикада орын алған жағдайларды, хал-ахуалды көз алдыңыздан қайтадан бір өткізіп көріңізіші.

Мырзатай: Ол кездегі оқиғалар туралы әр кезде жазғандарым мен айтқандарым да бар. Жалпы, біздің қазақ барынша аккөңіл, кең қолтық, ақын мінезді халық қой. Әйтсе де ғасырлар бойғы бодандық езгінің саударынан заманның ағымына, басшылардың қабағына көп қарағыш елміз. Замана желі қалай соқса — күнбағыс секілді солай ығып қоя береміз. Колбин келгенде де сондай құбылыс байқалып қалды. Мұнымызды өзге жұрт шебер пайдаланды.

Дәйексөз: «1987 жылы наурыз айының басында Қазақстан Компартиясының пленумы өтті. Сол пленумда қазақтың ығай мен сығайы, зиялысы, кезінде белді-белді қызмет атқарған интеллигенция өкілі бірінен соң бірі мәртебелі мінбеге шығып сөз сөйледі. Пленумның есебі жарияланған республикалық газеттің тігіндісіне көз салсаңыз көзіңіз жетеді. Елдің сақасындай облыс, бөлім басшылары бірін-бірі сынға алып, тілмен іреп-сойып, тақауда ғана Мәскеуден келген партия лидерінің көзіне өздерін судан таза, сүттен ақ етіп көрсетуге жанын салып бақты. Көбінің сөз астарында бұдан бұрынғыны партияның нұсқауымен істедік, егер бұрыс кетіп, қателік жіберсек, ол қателік сол кездегі партия басшысы Қонаевтың пәрменімен жүзеге асты дегенді айтты.

Өз бастарын ұлт мүддесінен ала қашып сөйлегені шошынты. Әркім қарақан басын күйттеп кетті.

Сол кезеңде ұлтына жаны ашиды, қазақтың сөзін сөйлейді деген біраз интеллигенция өкілдері өз бастарының қамын жеді. Біразы Колбинге жағынып сөйледі, біразы даурықпа мақала жазды. Қайсыбірі саяси хал-ахуалдың желі қалай соғады дегендей, жан-жағына жалтақтап, үндеместің кебін киді. Кімнің кім екені сол кезеңде білінді. Жұрт бәрін көрді, бәрін естіді, бәрін сезді.

Құбылма мінез, сусыма сөзбен біздер қайда барамыз деген ой қайта-қайта мазалай берді. Әлі есімде, сол кезеңде қазақтың сүт бетіне шыққан қаймағы дейтіндей екі ағамыз қабылдауыма келді. Сыпайылық сақтап аттарын атамай-ақ қояйын. Әлгілердің сөз саптасы шаншудай тиді маған. Өздерімен замандас, қатарлас, бірі ақын, бірі сыншы кісіні жерден алып, жерге салып: бетін аймандай ету керек... жазалаған жөн... неге арамызда жер басып жүреді... құрту керек, — деді.

Қарап отырып жүрегім мұздады.

— Ағалар, бұларыңыз болмайды. Бүйте берсек — ұлттан айрыламыз! Кешегі күнді көкsep отырған сынайлысыздар. Бұл басараздық, кек алу бүгінгі күнмен тынбайды, ұрпаққа жалғасып кетеді. Сіздердің бұл айтқан ұсыныстарыңыз қабылданбайды. Мен бұған қарсымын. Бұдан былай бір-біріңізді жамандап, арыз айтып бұл есікті енді қайта қақпаңыздар, — деп тікесінен сөйледім.

Әлгі екі ағамыз еңсесі түсіп отырып қалды.

Сөз аяғын жуып-шайған болып қоштасып шығып кетті.»

М. Жолдасбеков «Асылдарым» кітабынан.

Автор: Ал, бірақ сол кезде де халқымызға жасалған орталықтың өктемшіл зорлығына наразылық білдіріп алаңға шыққан қазақ жастарын қанға бөктірген қатыгездікті айыптап, Колбиннің алдында тайсалмай сөйлеген зиялыларымыз болды ғой.

Мырзатай: Ия, қайраткер, зангер ғалымдарымыздан ол Салық Зиманов, ақын-жазушылардан Жұбан Молдағалиев, Сафуан Шаймерденов сияқты абзал

ағаларымыз еді.

Автор: Жазушылар Одағы залындағы Колбинмен болған кездесуде Жұбан ағамыздың Колбинге қарап тұрып: «қазақтың жас жігіттері мен қыздарына ит қосып, саперлік күректермен ұрып қанжоса қылған сұмдықты көргенше кешегі майдан даласында өліп кеткенім артық еді» деп ашына, күйзеле, күнірене сөйлегені әлі күнге көз алдымда. Ал екінші бір белгілі жазушымыз Колбинге «сіздің келгеніңіз жақсы болды» деп бастап, Қонаевты жамандай бастағанда залдағы артқы қатарлардан Шона Смаханұлы ағамыздың орнынан атып тұрып, бар даусымен ышқына «клевета!» деп айқай салғаны да ұмытылған жоқ. Шонаны сол бетінде күзет адамдары далаға сүйреп алып кеткен.

Мырзатай: Қонаевтың кезіндегі өзінің ақ-адал еңбегімен алғысқа бөленген талай абыройлы азаматтардың Қонаев кеткен соң, Колбиннің кезінде жазықсыз қудалауға, жазаға ұшырағаны, түрмеге отырғызылғаны белгілі. Бұрын Алматы, Шымкент сияқты облыстарды басқарған, республиканың көсегесін көгертуге көп еңбек сіңірген, ерекше дарынды туған, Социалистік Еңбек Ері Асанбай Асқаров түрмеге жазықсыз қамалып, бірнеше жыл жапа шекті. Мұндай жөнсіз, жосықсыз мысалдар аз емес еді. Қазақстандағы осындай заңсыздықтардың отына май құйып, «Правда», «Известия», «Комсомольская правда» сияқты Мәскеуде шығатын газеттер және өзіміздегі кейбір орыс тілді басылымдар да белсенділік көрсетіп, ара-тұра әділетсіз, сыңаржақ, бұра тартқан, жала жапқан материалдар жариялап тұрды. Сол кезде тағы бір байқағаным, сендерге осы керек еді дегендей, орыстың біразы құтырып кетті. Биттері семіріп, намысымызға тиіп жүрді. Қолымыздан ештеңе келмей қалды. Қазір айту оңай, ал ол кезде мәселен, бүкіл ұлтымызға «ұлтшыл» деген айып тағылып тұрған кезде, оларға қарсы «сен не деп отырсың» десең, қолма-қол сені де ұлтшылдар қатарына қосып жіберуі оңайдың оңайы еді. Желтоқсан көтерілісінен кейін, Колбин кететін 1989 жылдың жазына дейін республикамыздың Орталық Комитетінің өзінен бастап облыстық, аудандық комитеттерінің бәрінде партиялық тазалау жүріп, ұлтына жаны ашитын көптеген азаматтар қызметтен шеттетілді.

Автор: Бір ғана 1987 жылдың өзінде облыстық партия комитеттері қызметкерлерінің 28 пайызы, қалалық және аудандық партия комитеті қызметкерлерінің үштен бірінен астамы қызметтен алынғаны жөніндегі деректі мен интернеттен оқып едім. Республикамыздағы жоғары оқу орындарына ұлтымыздың ұл-қыздары Қазақстандағы барлық халықтың қанша пайызы қазақтар болса, сонша мөлшерде ғана қабылдансын деген тәртіп орнады. Ол кезде қазақтардың саны өзінің ата-бабасының жерінде қырық пайызға да жетпей қалғанын бүгінгі ұрпақ біле бермейді.

Мырзатай: Колбиннің өзі бұрын партия органдарында көп жыл істеген адам ғой, қалай дегенмен де халықтың көңіл-күйімен санасу қажеттігін түсінетін. Өзі қорқақ болатын. Ақылшылары да көп еді. Олар негізінен Мәскеуде отырды. Өзімізде де кеңес берушілер аз болған жоқ. Орталық комитетте құқықтық бөлімнің меңгерушісі Ефимов деген болды. Бойы аласа, талпақ, тұла бойы қазаққа қарсы адам еді. Колбинде өтетін кеңестерде биттей нәрсені түйедей ғып отыратын. Аузынан мұны бұлай қалдыруға болмайды, жазалау керек дейтін сөз шығатын. Бірде екеуміз шартпа-шұрт келіп қалдық. «Сіз неге мен басқаратын бөлімнің жұмысына қол сұғасыз, болмаса осы бөлімге қоса жауап беріңіз», – дедім. Сөйтіп, біраз жерге барысып едік, Колбин араға түсті, Ефимовке «сенікі дұрыс емес» деді. «Қазақстанда мемлекеттік тіл екеу болсын» деп Колбинге ылғи ақыл-кеңес беріп жүргендер де сондайлар ғой. Кейде өзі шақырған кезде барсам, кабинетінен ылғи Ефимов сияқты орыстар шығатын. Желтоқсан көтерілісінен жүрегі шайлығып қалған Колбиннің ұстанған ендігі бағыты – қазақтардың сеніміне кіру, қазаққа арқа сүйеу, мүмкіндігінше қазақтың ойындағысы мен көкейіндегісін табу сияқты болып көрінетін бізге. Оған Өзбекәлі екеуміз дөп келдік. Жасыратыны жоқ, осыны қажет сәттерінде пайдаландық.

Автор: Мырзеке, Өзекең мен сіздің сол кезде Орталық комитетке үлкен қызметтерге қалай барып қалғандарыңыздың сырын енді түсінген сияқтымын. Демек, сол уақытта Колбинге қазақ халқы арасында беделі, ықпалы бар адамдар керек болған екен ғой.

Соларды өз жанында ұстағысы келген екен ғой.

Мырзатай: Кейде әлдеқандай оқыс жағдай туындаса, немесе бірнәрсені газеттен оқыса, өзгелерді шақыратын болуы керек, мені де шақырып алатын. «Мирзатай, что это означает?» – деп сұрайтын. Сол кезде мен де кішкене от бүркіп қоятынмын. Мынау тегін емес, бұдан өрт шығуы мүмкін, ар жағын байқау керек деген сынайда. Өзінде бір үрей бар еді. «Давайте, разберитесь, разберитесь. Надо упреждать. Надо остановить», – дейтін. Жезқазғанда ма, бір жерде бір жұмысшы қазақ: «Колбин келгенде қазақтың көсегесін көгертемін, қазақ тілін бір жылда үйренемін деп еді, бір жылдан асып кетті, бір ауыз сөз білмейді ғой» депті. Сонда да менен сұрады, «осындай бір жұмысшы сөйлепті» деп. Мен ол жағдайды білмеген едім, ал оған бәрін жеткізіп отырады ғой. Мен: «Геннадий Васильевич, вы же сами обещали, бір жылда қазақ тілін үйренем деп едіңіз ғой, сол қайда, ел соны күтіп жүр», – дедім. «Да, действительно. Но видишь, времени не хватает этим заниматься», – деді. Анда, мұнда, бір жерде бірдеме болып қала ма деп үнемі есі шығып жүрді. Расында да ес жиюға мүмкіндігі де болған жоқ ол «байғұстын». Автор: Сол кездерден менің есімде мынадай екі жай қалыпты. Біріншісі, Колбин қазақ тілін үйренем деп уәде бергеннен кейін журналистер одан интервью алып жатты. Сонда оған: «Сіз Грузияда екінші хатшы болып қызмет атқарғанда грузин тілін үйрендім деп айтып қалдыңыз. Енді қазақ тілін үйренбесіз. Ал грузин тілін ұмытпау үшін сіз қазір ол тілде біреумен сөйлесесіз бе?» – деген сұрақ қойылды. Колбин сонда: «Үйдегі итіммен сөйлесемін» деді де, өзінің тапқырлық жауабына риза болып кетсе керек, «ха-ха-ха» деп күлді. Сондағы оның грузиндер естісе намысына тиетіндей орынсыз жауабы мен сұрықсыз кейпі көргендердің бәрінің көңілінде кетпейтіндей болып таңбаланып қалған шығар деп ойлаймын. Екіншісі, бір күні кешкісін такси ұстап міндім. Таксист еңгезердей қазақ жігіті екен. Радиосын қойып еді, ол Колбин туралы бірнәрсе айтып жатты. Радионы басып тастады да, маған: «Аға, Колбин бір-екі жылда қазақ тілін үйренемін деп еді ғой. Үйрену үшін үйінде оқымысты попугай ұстайды екен. Екі аяғына жіп байлап қойған. Оң аяғындағы жіпті тартса – орысша, сол аяғындағы жіпті тартса – қазақша сөйлейді екен. Бір күні жұмыстан келіп, асығып, екі жіпті бірдей тартып қалған екен, попугайы: «Өлтіресің ғой, падло», – деп айтыпты деп қарқылдап күлді.

Колбин Қазақстанға қай бір ықтиярымен келді дейсің. Жіберген соң, амал жоқ, келді де. Қазақстанды басқарды дегені болмаса, сол кездегі оның күнін итке берсін. Сол кезде ел ішінде «қазақтың дәстүрінен, салтынан, әдет-ғұрпынан айрылды, айтыс жоқ, қазақ тілі құрыды, жойылатын болды» деген сөздер етек алып, көбейе бастады. Осындай мәселелердің күн тәртібіне шығуына сол уақытта шын мәнінде халықтың өзінің рөлі зор болғанын айтуымыз керек. Халықтан үлкен ешкім жоқ. Колбин өзі де күнделікті ақпарат алып отырды ғой ел ішіндегі жағдайлардан.

Әрі ол әр дүйсенбі сайын кеңес өткізетін, «Колбиновские совещания» дейтінбіз оны. Сонда ағымдағы істер қаралатын. Оған Колбиннің өзінен басқа Орталық Комитеттің бірде-бір хатшысы қатыспайтын, тек бөлім басшылары ғана келетін, олар сол өз салалары бойынша барлық жағдайды баяндайтын. Айтылатын әңгімелердің көбі біздің бөлімге қатысты болушы еді. Барлық отырыстардың басты кейіпкері біз болып шығатынбыз. Сол кезде идеология бірінші орында тұрды. Өйткені Мәскеудегі Орталық Комитет айтарын айтып қалды. Қаулы шығарып, қазақты каралады. Желтоқсанда Горбачевтің «демократия», «жариялылық» деген сөздеріне иланып, пікірлерін білдіру үшін алаңға шыққан қазақтың қарусыз жастарына арнайы дайындықтан өткен әскер жұмсап, қақаған аязда өрт сөндіруші машиналармен үстіріне мұздай су шашып, үйретілген иттерді қосып, шоқпарлармен, сапер күректерімен ұрып, Алматының орталық алаңын қанға бөктіріп, Шаштан сүйреп, іштен теуіп қыздарымызды қорлады. Талай жас қыршын кетті. Келешекте халыққа пайдасы тиер дейтін, ойы бар, ұстанымы бар көптеген талантты студенттер оқудан шығарылды. Өзі сөйлей алмайтын, айта алмайтын,

ойы жоқтардың ешқайсысы жапа шеккен жоқ. Көптеген адам түрмеге қамалды. Елде наразылық кемеріне жетіп, шүпілдеп тұр еді. Колбиннің ең үлкен жұмысы осыны басу болды. Қайтсем елді тыныштандырамын деген оймен жүрді. Бәрімізбен сөйлеседі, «ахуал қалай», «анау қалай», «мынау қалай» деп сұрастырады. Біз де жағдайды әбден түсініп алғанбыз. «Алып бара жатқан ештеңе жоқ, бәрі дұрыс, тек халықтың кейбір айтып жатқан тілегіне құлақ асу керек. Халыққа бірден қарсы шықпай, құлақ қойып, ығында болып, жайлап, қақпайлап, жетектеп отырмаса, онда сексен алтыншы жылғыдан да қиын оқиғалар орын алуы мүмкін» дейтінбіз. Байқаймын, Колбин осындай пікірлерді Мәскеуге де жеткізіп отырды. Мәскеу де, өзі де осыдан сескенді. Халықтың беті ашылып қалды. Халық бәрін көрді. Ашынды. Талай адам жазаланса да, билік халықты жеңе алған жоқ. Халық төменнен бастап теңіздей толқып, көп нәрсені талап етіп жатты. Біз де осыны пайдаландық, өзіміздің күнделікті жұмысымызда халыққа арқа сүйедік. Өзекеңмен ақылдасып, жан-жақты тегіс байқап отыратынбыз. Өзекең апта сайын бөлімді жинап алып, ананы сөйтейік, мынаны бүйтейік деп, бәрімізге тапсырма беріп отыратын. Халық қайтадан шын мәнінде күш ала бастады. Колбин кейде дүйсенбі күндері өзіндегі өткізілетін кеңесте айтылып жатқан сөздерді маңқиып тындап, ойланғандай болып отыратын. Сонда «несіне келдім осы республикаға деп отыр-ау, шамасы» деп ойлайтынмын.

Колбин Қазақстаннан еш абырой алмады. Сол кезде ол «Тұрғын үй – 1991» деген бастама көтеріп, алдағы бірер жылда тұрғын үйлерді көп салдырып, халықты қарық қыламыз деп еді, онысы жай сөз боп қалды. Ол әрекетінен түк шықпады. Халық Колбинді қабылдамады. Ол Қазақстаннан өзінің орнын таппады. Ақыры Колбин кетеді екен деген әңгіме туа бастады. Оның орнына Мәскеу бұл жолы қазақты қояды екен, Мендібаевты қолдап жатқан көрінеді деген сыбыс шықты. Мендібаев ол кезде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы. Енді бір секірсе, немесе Мәскеу қолтығынан демеп жіберсе Қазақстанға бірінші хатшы болу мүмкіндігі жоқ емес-ті. Ол болмаса Әуелбековтың, немесе Назарбаевтың болуы да ықтимал деген әңгімелер айтылды. Ал, шындығында, ел ішінде Назарбаевтың беделі басым еді. Мәскеудегі Одақтық Жоғарғы Кеңеске Нұрекең де, Мендібаев та, Еркеғали Рахмадиев, Мұхтар Шаханов та депутат болатын. Олар съезге он күндеп кететін.

Автор: Сол кезде ел ішінде «Мендібаев төлқұжатына «қазақ» деп жаздырып алғанмен, ұлты қазақ емес екен» деген әңгіме тараған.

Мырзатай: Ол әңгіменің шындығына бір жолы менің көзім жеткен. Мендібаевтың политехникалық институтта сабақ беретін туған інісі бар еді. Бірде ол маған: «Институт ректоры менің ініме тыныштық бермей жүрген көрінеді, сөйлесіп, айтып қойшы», – деді. Мен ректорға Мендібаевтың інісінің жеке іс-құжаттарын алып, маған келіп кетінізші дедім. Сөйтсем, әлгі інісінің құжаттарында «ұлты башқұрт» деп жазылыпты. Екеуі бір әкеден туған бауырлар ғой. Екінші хатшы айтып отырған соң қайтесің, Мендібаевтың інісіне тимендер деп ректорға тапсырма бердім.

Содан, бір күні Мендібаев Мәскеуден қайтып келді. Жүрегіміз су ете қалды. Келе сала үлкен залға лық толтыра аппаратты түгел жинады. Өзіне өте сенімді сияқты көрінді. Салған бойда: «Съезден сұранып келдім. Жұмыс көп. Жиналып қалған. Кемшіліктер де аз емес», – деп бастап, бірден маған тиісті. Идеологиялық бөлім еңбекші хаттарымен жұмысты нашар істейді, нәтиже жоқ, пәлен-түген деп. Мені атамайды, «бөлім» дейді. Намысыма тиді. Сөйледім. «Сіз кімді айтып отырсыз? Тұтас бөлім бе, жоқ әлде мен нашар істеймін бе? Сынның нақты адресі болуы керек. Идеологиялық бөлімнің алдына қойылатын мәселелердің бәрі қолма-қол таразыға өлшейтін, қазір ғана жауабын беретін мәселелер емес. Оның ішінде көбі тарихи мәселелер, келешектің мәселелері. Жылдар бойы шешілетін мәселелер. Елдің сұрап отырған мәселелері де күрделі. Оны шешу үшін уақыт керек. Жауап беру үшін де уақыт керек. Сондықтан сыныңызды біздің бөлім қабылдамайды», – дедім. «Еше посмотрим», – деді ірілік жасап. Сол кезде жұрттың бәрі гу ете қалды:

«Орталық Комитетке бірінші хатшы болып Мендібаев келеді екен» деп. Мендібаев идеология бөлімінен басқа бірде-бір бөлімді сынаған жоқ. Қаным қайнап кетті. Қасымда орынбасарларым Игорь Романов, Ырысты Сариева бар. «Мұны бұлай қалдырмаймын. Мен оған кіремін. Не деген сұмдық бұл. Осындай да сын бола ма екен? Не деген әділетсіз адам!» — дедім. Екеуі де менімен бірге кіретін болды. Келсем, көмекшісі кіргізбейді. «Мендібаевтың үйі емес қой. Бұл — Орталық партия комитеті, ал мен Орталық комитеттің идеология бөлімінің меңгерушісімін. Орталық партия комитетінің мүшесімін. Қасымда екі орынбасарым бірге келіп отыр. Қабылдасын», — дедім. Кірдік. «Ну, что хочешь сказать?» — деді. Ішіме сыймай булығып келгем, әкесін таныттым. «Мынауыңыз не сын? Өзіңіз де білесіз, идеология бөлімі айналысатын мәселелердің бәрі өте күрделі. Қандай мақсатпен сынадыңыз? Менің кетуім керек пе? Онда: Жолдасбеков жұмысты дұрыс істей алмай жүр деп неге айтпайсыз. Партияда әділетті адамдар жұмыс істесе керек еді, сіз әділетсіз адамсыз!» — дедім. Біраз жерге барыстық осылай. Шамасы, әуел баста менің тарапымнан мұншалықты қарсылық көремін деп ойламай қалған болса керек, өзі де қорқып кетті. «Мырзатай, ты же не такой, что с тобой?» — деді. «Со мной ничего не случилось. Ешқандай кінәміз жоқ, қандай негізге сүйеніп айттыңыз сондай сынды? Бүкіл аппараттың алдында кешірім сұраңыз», — дедім. Мені қолдап Романов та, Сариева да сөйледі, бөлімге жүктелген міндеттердің жеңіл еместігін, ешкімнің аянып жатпағанын, жұмыстың жүйелі жүріп жатқанын айтты. Ақыр аяғында ол: «Я готов принести извинения перед аппаратом» деді. Бұл өзі Орталық комитет тарихында еш уақытта болмаған нәрсе, екінші хатшының бөлім меңгерушісінен кешірім сұрауы. Ертеңінде аппараттың алдында кешірім сұрады. «Я не так выразился, конечно, Жолдасбеков прав», — деді. Менің айтқан «идеологияның жұмысын таразымен, безбенмен өлшей алмайсың, кей мәселелер ұзақ жылдарды талап етеді» деген сөздерімді қайталап айтты. Бұл әңгімені адамдары Колбинге жеткізген болуы керек деп ойлаймын. Әлде, басқа да ақпараттардан құлағына тиді ме екен. Бір күні ол өзіндегі жиналыс соңында маған «задержись, Мирзатай» деді. Екеуміз қалғанда «жұртшылық Марат Самиевич Мендібаевқа қалай қарайды» деп сұрақ қойды. «Маған ол туралы пікір айту ыңғайсыздау. Ал, шындығына келгенде ел ішінде ол туралы жағымсыз әңгімелер аз емес. Әсіресе Алматы облыстық партия комитетін басқарғанда адамдарға көп қиянат жасаған деп айтылады», — дедім. Ары қарай қазбалап ешнәрсе сұрамады. Содан кейін біраз уақыт өткен соң Мендібаев Қазақ ССР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары қызметіне ауысты. Мендібаев туралы әңгіменің тағы жалғасы бар, оны кейінірек айтып беремін.

Автор: Сол кезде «желтоқсанда болған жайлардан аузы күйген Политбюро Колбин кетсе орнына енді қазақты қоймақшы екен, үш кісіге — Мендібаев, Әуелбеков, Назарбаевқа назар аударып жатса керек» деген, жанағы сіз айтқан сөздерді ел ішіндегі біз де естігенбіз. Әлі есімізде, ол уақытта қала қазақтары арасында да, ел ішінде де тіліміздің, діліміздің, салт-дәстүрлеріміздің ұмытылуына жол бермеуге деген құлшыныс өте зор еді. «Наурыз мерекесін халыққа қайтару жөніндегі ұсыныс Орталық Комитет бюросында дауысқа салынған екен, Нұрсұлтан Назарбаев пен Өзбекәлі Жәнібековтен басқа ешкім қолдап қол көтермейті» деген сияқты әңгімелер кейде еміс-еміс құлағымызға жететін. Халықта өз тарихын білуге деген құштарлық оянған, кей адамдар Ілияс Есенберлиннің романдарын іздеп жүріп оқитын кезең еді. Алматыда қазақ жұртшылығына арналған «Алматы ақшамы» газеті де сол кезде шықты ғой.

Мырзатай: Иә, алғаш ол «Вечерняя Алматының» аудармасы ретінде жарық көрді. Содан, бір жолы ақындар айтысында «бұл неге дербес газет болмайды» деген әңгіме көтерілді. Ол кезде Өзекен екеуміз орталық комитеттеміз ғой. Өзіміз де осы газетті дербес ету қажет қой деп ойланып жүргеміз. Алматыда қазақтардың саны әлі аз еді. Сонда да бұл мәселені қолға алмасақ болмайды деп шештік. Газет ашу кейін оңайлады ғой, ал ол кезде өте қиын еді. Ол газетті шығарудың аса қажет екенін дәлелдеу, Мәскеудің арнайы рұқсатын алу керек болатын. Ол қиындықтардың бәрін

енсердік. Газеттің атауы жөнінде әртүрлі пікірлер айтылды. Біреу «Алматы хабары» деп атайық деді. Енді біреу басқаша атауды ұсынды. Аяғында «Алматы ақшамына» келіп тірелдік. Коммунистік көзқарастың санаға сіңіп қалғаны ғой, «ақшам» деген діни сөз емес пе дегендер болды арамызда. «Ақшам» деген «кеш» деген сөз деп түсіндірдік. Бұл газет сықиған ресми газет емес, оқырман жүрегіне жол табатын газет болсын. Алматы – үлкен қала, оның бүкіл өмірі, бұрынғы тарихы мен бүгінгі тіршілігі, жастардың өз қаласына деген махаббаты – бәрі-бәрі осы газет бетінен көрінетін болсын деген талап қойылды ұжымның алдына. Бүгінде «Алматы ақшамы» жұрт қызығып оқитын өте тартымды газетке айналды.

Сол уақыттағы халықты қатты ашындырған тағдырлы мәселе – тіл мәселесі еді. Қазақ тілінің қолданылу аясы тым тарылып, қалада өскен қазақ жастарының бәрі дерлік бала бақшада, мектепте тек орысша тәрбие алғандықтан, ана тіліне шорқақ болып, немесе мүлде білмей өсіп келе жатқан-ды. Жоғары оқу орындарындағы оқу негізінен орысша жүргізілетін. Сексенінші жылдардың аяғы, тоқсаныншы жылдардың бас кезінде республикадағы мектеп жасындағы балалардың үштен бірі ғана қазақ тіліндегі мектептерге баратын. Олардың дені қазағы көп дейтін оңтүстік пен батыс облыстарымыздағы ауылдық, аудандық жерлердегі мектептер ғана болып қалған.

Автор: Кеңестер Одағы кезінде әртүрлі жолдармен өзге ұлттарды орыстандыру саясаты күшті қарқынмен, үздіксіз жүргізілгенін жақсы білеміз ғой. Бірақ, солардың ішіндегі жұрт назарын аудармай, жария етілмей жүзеге асырылған ұтымды бір саясаттың нәтижесі барлығынан асып түсті. Ол әуелден-ақ республика астаналары мен үлкен қалаларында, бірте-бірте аудандары мен ауылдарында да балалар бақшалары мен мектептерінің бәрін орысшаландыру саясаты еді. Республикамыздың астанасы Алматыда жалғыз ғана №12 қазақ орта мектебі және шопандардың балаларын оқытуға арналған жалғыз мектеп-интернат болды. Көптеген облыс орталықтарында сондай бір-бір мектеп-интернаттан ғана бар еді. Сөйтіп, қалада өскен жастардың бәрі ана тілін білмейтін, не шала білетін, «асфальтта өскен» балаларға айналды. Егер жағдай өзгермей, осылай жалғаса берер болса, қазақ тілінің болашағына анық қауіп төніп тұрған-ды.

Мен кейінірек білдім, мұндай саясат жалғыз Қазақстанда емес, мүмкіндігі болғанынша одақтас республикалардың бәрінде жүргізіліпті. Тіпті халқы тығыз әрі көп Украина республикасының орталығы Киевтің өзінде украин тіліндегі мектеп санаулы екен. Сексенінші жылдарда Алматыда Шона Смаханұлы ағамыз бастап, қаламгерлерді, жастарды ұйымдастырып, үй-үйді аралап жүгіріп жүріп, жұртты үгіттеп, ресми орындарға талап қойып аштырған қазақ тіліндегі жалғыз ғана шағындау бала бақшасы болған-ды. Сол уақытта Алматыға келген бір сапарында Шыңғыс Айтматов ағамыздың: «Сіздер қайта жақсы екенсіздер. Біз қырғыз зиялылары Фрунзе шаһарында қырғыз тілінде балалар бақшасын ашу керек деп мәселе көтеріп, біраз жылдан бері еш нәтиже шығара алмай келе жатырмыз», – деген сөздерін құлағыммен естіген едім. Ол жылдарда Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Өскемен, Павлодар сияқты облыстардың қалаларын былай қойғанда, қазақтар өзге халықпен аралас тұрып жатқан көптеген аудандарында бірде-бір қазақ мектебі болмаған-ды.

Мырзатай: Сол кездегі ең үлкен мәселе – тіл мәселесі майданында қып-қызыл тайталастар болып, қылыштар қынабынан суырылып, талай найзалар сынды. Халқымыз, әсіресе ұлт зиялылары бұл мәселеде аянып қалмады, жанын салып күресті. Өйткені тіл – ұлттың жаны еді, күретамыры еді. Тіл өлсе, ел де өлер еді. Сондықтан, қазақ тілін мемлекеттік тіл ету жолындағы күрес шын мәнінде жалпыхалықтық қозғалысқа ұласты. Мұның арты не болар екен, қайда апарып соғады деп ойланатынбыз. Халықтың көкейінен шығып, көңілін орнықтыру үшін тіл туралы заң қабылдаған дұрыс болар деген пікірді маған алғаш айтқан Өзекең еді. Жер – қазақтыкі, мемлекет – қазақтыкі, ендеше мемлекеттік тіл де – қазақ тілі болуы керек дегенге қазір ешкім таласпайды. Ал, ол кезде мұндай пікірді, ұсынысты заңдастырып, өткізу мүлде мүмкін еместей болып көрінетін. Осындай әңгімелер

туындаған кезден-ақ Қазақстанда мемлекеттік тіл қазақ және орыс тілдері болуы керек деген пікір белең алды. Бөлімге тіл жанашырларын, мамандарын шақырып, осы жөнінде әңгіме қозғап, жұртшылық пікірінің тамырын басып көрдік. Сонда да, кейін де: «Қазақстанда тіл туралы заң болуы керек, мемлекеттік тіл — қазақ тілі болуы керек, басқа ешқандай тіл Қазақстанда мемлекеттік тіл бола алмайды», — деп, ешбір ымыраға көнбей, табандап отырып алатын Әбдуәли Қайдаров ағамыз еді.

Тіл жөніндегі жұртшылық пікірін, ұсыныстарды зерттеп, осы мәселемен шұғылдану үшін арнайы комиссия құрылды. Оның төрағалығына біз Қайдаров ағамызды қолайлы көргенмен, Колбиннің өзі Бельгер Герольд Карлович болсын деген ұсыныс айтты. «Қазақ тілін де, орыс тілін де ешкімнен кем білмейді, әрі өзге, қалыс ұлттың өкілі» деді. Бельгер Қазақстанда екі мемлекеттік тіл болсын дейтіндердің бірі еді. Ол комиссия бәрібір жарытып жұмыс істеп, ешнәрсе тындыра алмады.

Ақыры, осы мәселемен айналысу, құжаттар дайындау жөнінде енді біздің бөлімге тапсырма берілді. Колбин бастаған басшылар Қазақстанда екі мемлекеттік тіл болуы қажет дегенді ашық айтты. Оның мысалдары әлемде аз емес. Швейцарияда мәселен бір емес, төрт мемлекеттік тіл бар делінді. Ал енді біз осы мәселемен нақты айналыса бастағанда бөлімге хаттар қаптады ғой. Әй, айналайын қазағым-ай. «Уважаемый Геннадий Васильевич... Многоуважаемый Геннадий Васильевич... Дорогой Геннадий Васильевич» деп жазады. Сондағы сұрайтыны: «қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын». Барлығы да өз тілін жалынып сұрағандай болады. Хат деген қаптап кетті, қарша борады. Колбинде өтетін кенеске мен сондай хаттардың ішінен қысқа, қатқыл жазылғандарын іріктеп-іріктеп апарып, көрсетіп жүрдім. Оқып отырып, ойланып қалатын. «Көп қорқытады, терең баттырады» дегендей, Колбинге ол хаттардың да әсері болды-ау деймін. «Қазақ әдебиеті» газеті, өзге де кейбір газеттер тіл жанашырларының материалдарын жиі жариялайтын. Бір күні Колбин маған «сен Олжасты тапшы» деді. Не үшін іздегенін біле қойдым, пайдалану керек болып отыр ғой. «Жарайды» дедім, бірақ ішім мұздап сала берді. Оның алдында өзіне Қайдаровты, тағы біраз адамдарды шақырған, олардың бәрі бірауыздан Қазақстанда мемлекеттік тіл қазақ тілі болуы керек дегенді айтқан. Ешкімнен қолдау таппаған соң, шамасы, біреулер Олжасты пайдалану керек деп ақыл берген болуы керек. Жігіттерге: «іздеген болайық, бірақ іздемендер» деп ескертіп қойдым. Кешкі сағат сегізде: «Олжас жоқ, таба алмадық» дедім. Менің шын іздемегенімді сезді ғой деймін. «Ладно, сами найдем» деді. Сөйтсем, Олжастың қалада екенін біліп отыр екен. Содан екі-үш күн өткенде Мәскеудегі орталық «Правда» газетінде Олжастың бір бет мақаласы шықты. Партияның әлі күші бар кез, сонда Олжас Қазақстанда мемлекеттік екі тіл болғаны дұрыс дегенді қолдап шықты. «Қап!» деп қалдық, ішіміз удай ашыды. Бірақ жұрт, бәрібір, ол сөздерді керек қылмады.

Сол кезде қоғам екі жарылғандай болып тұрды. Жұртшылықтың, халықтың сұрайтыны, талап ететіні қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы.

Қандастарымыз осыны айтып, Орталық комитетке, газеттерге де жазып, митингілер өткізіп, шулап жатты. Ал Колбин жағындағылар қазақ және орыс тілдерінің екеуі бірдей мемлекеттік тіл болуға тиіс дегенінен танбады. Егер олай болатын болса, ақырында біз абыройдан айрылатын едік. Содан соң бөлімдегі жігіттерді жинап алдым да:

— Өздеріңіз көріп жүрсіздер, күн сайын қаптаған хаттар ағылып келіп жатыр. Бәрінің сұрайтыны — қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы. Біз халықтан үлкен емеспіз. Халықтан ештеңені жасыра алмаймыз. Ел-жұрт бізге үмітпен қарап отыр. Сондықтан халықтың тілегін орындауымыз керек. Колбиннің атына бөлімнен, менің атымнан Қазақстанда бір ғана қазақ тілі мемлекеттік тіл болуға тиіс деген хат дайындандар, — деген тапсырма бердім. Орталық партия комитетінде бұрыннан істеп келе жатқан Амангелді Қайырбаев сияқты кей жігіттер аң-таң болып, аңтарылып қалды. Бірінші орынбасарым Игорь Матвеевич Романов сыр бермей, үндемей

отыр. Ол өзі әділетті, сыпайы, жақсы жігіт еді деп бұрынырақта бір айтып өттім ғой. Артынан екеуіміз оңаша қалғанда оған: «ты же понимаешь, язык – это душа нации» дегенді айттым. «Я все понимаю, поддерживаю. Если надо будет, я готов с вами вместе пойти к Колбину», – деді ол азаматтық танытып. Бірақ мен оны апарғаным жоқ. Хат дайындалды. Өзім редакцияладым. Қайтадан бастырдық. Астына «М. Жолдасбеков» деп қол қойдым. «Байқасақ қайтеді» дегендер болып еді, «жоқ, енді шегінуге болмайды, ертең халыққа не бетімізді айтамыз» дедім. Оның алдында, мұның өзі дүйсенбі күні болатын, Колбиндегі кеңес аяқтала салысымен оған «мен сізге жеке мәселемен кіргім келеді» дегенімде секем алып қалғандай болған. Менің көзқарасымды біліп жүр ғой. «Жарайды. Түстен кейін келерсіз» деген. Түстен кейін өзі шақырды. Төртке таман. Сонымен: «Ал, жігіттер, сау болындар. Енді мен Орталық Комитеттен кететін шығармын» деп бөліммен қоштасып шықтым. Келдім. Оң қол жағына отырдым. Хатымды алдына қойдым. Оқи бастады. Мен көз алмай қарап отырмын. Мемлекеттік тіл біреу болсын деген жерге келгенде сылқ ете қалды. «Поиному не может быть» дедім. «Да, ты что» деді. Маған жаман көзбен қарады, хатқа қарады. Тағы бір шолып шықты. Ойланып, отырып қалды. «Басқаша болуы мүмкін емес. Осы мәселе бойынша бөлімге қап-қап хаттар келді. Оны білесіз. Қазақстан – қазақ тілінің әлемдегі жалғыз Отаны. Өзге тілдердің бәрінің, соның ішінде орыс тілінің де, өз Отандары бар. Жұрттың бәрі жабылып, торғайдай шырылдап, құдайдан сұрағандай болып, сізден тілімді бер деп сұрап жатыр ғой. Басқа ешнәрсе сұрап тұрған жоқ қой. Бұл мәселе шегіне жетті. Мен мұны сізге жағдайды жақсы білгендіктен, ойланып, бәрін таразылап барып, жазып отырмын. Бұл хатқа қол қою маған да оңай болған жоқ. Қазіргі шындық осы. Егер екі тіл десек, арты жақсы болмайды, маған сеніңіз», – дедім. Сосын алақанын менің хатымның үстіне қойып, сәл ойланып, бір-екі ұрғылады да: «Жарайды, онда осылай-ақ болсын. Бірақ орыс тілін де ұмытуға болмайды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болса, орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болғаны жөн», – деді. Шатақ шығып кете ме деп қорықты. Қазақстанға келген бойда шатақты көріп, жүрегі шайлығып қалған ғой. Сөйтіп, бұл мәселе дұрыс шешімін тапқандай болған еді.

Менің сол хатымды кейін, «Қазақ тілі» қоғамының екінші съезінде Әбдуәли Қайдаров «тарихи хат» деп бағалады. Ол мәтінін көрген, білетін. Сол кезде бөлімде істеген жігіттер де біледі ғой, Сауытбек те, Төлен де.

Сонымен тіл туралы заң қабылданатын болды. Мәтінін дайындау жауапкершілігі Өзбекәліге тапсырылды. Бұл іске ол Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төрағасының бірінші орынбасары, Социалистік Еңбек Ері Вера Васильевна Сидорованы және мені қатыстырды. Қажет кезінде мамандарды шақырып отырдық. Сидорова комсомол мен партия қызметтері арқылы өскен, облыстық комсомол комитетінде бірінші хатшы, облыстық партия комитетінде екінші хатшы болған адам еді. Тілімізге онша жақсы қарамады, заңды ылғи бұрғысы келіп отырды. Бірақ біз ондайға көне қоймадық. Өзбекәлі позицияны мықты ұстайтын адам еді, қайтпайтын, тартыпбайтын.

Автор: Мырзеке, сол уақытта, 1989 жылы жазғытұрым Колбин де Қазақстаннан кетті емес пе?

Мырзатай: Иә. Халқымыз үшін, оның дәл сол кезеңдегі жас буыны үшін соншалықты қасіретті, қайғылы болған, көңілдерінде сәулесі, жүректерінде оты, намысы, өз еліне, халқына деген сүйіспеншілігі бар, соның ертеңгі керегіне жарасам деп армандаған талай маңдай алды студенттеріміз, жастарымыз соққыға жығылған, мертліккен, қайсыбірі ажал құшқан, тағдырлары тәлкекке түскен, оқудан, жұмыстан шығарылып, түрмелерге тоғытылған сұрқай кезең сол кезде негізінен аяқталды деуге болады. Бірақ оның зардаптары сол күйінде одан әрі жалғасып жатыр еді.

Колбин Қазақстанда ештеңе бітіре алған жоқ. Оның жұмысы жүрмей жатқанын, ол Қазақстандағы ахуалды жақсарту алмағанын Мәскеу білді. Желтоқсан көтерілісі Қазақстанға қазақ басшысын қоймаудың кәте болғанын көрсетті. Осыдан қорытынды шығарып, Мәскеу Колбинді одақтық халық бақылау комитетінің

төрағасы етіп, қайта шақырып алды да, оның орнына енді халықтың пікірін ескере отырып, ұлтымыздың аймандай ұлы Нұрсұлтан Назарбаевты ұсынды. Сол жылы жазда өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумында ол бірінші хатшы болып сайланды. Содан былайғы жерде бізге де жұмыс істеу жеңілдеп сала берді.

Автор: Енді сізге мен тағы бір сұрақ қойғым келіп отыр. Баяғыда, соғыстан кейінгі жылдарда, біздердің бала кезімізде, мектепте оқып жүрген шағымызда «Сталин қайда болса, жеңіс сонда» деп әнге салатынбыз. Кейін, Сталин өліп, жеке адамға табыну әшкереленген соң ол әннің сөздері өзгерді, «партия қайда болса, жеңіс сонда» деп шырқадық ол әнді. Жетпіс жыл бойына халықаралық деңгейде болсын, өз еліміздің ішінде де беделіне көлеңке түспей келген, мәңгілікке мазғымастай болып көрінген компартияның қадірі Горбачев билікке келген соң кете бастады емес пе? Сол кезде сіз Орталық комитетте жүрдіңіз. Ол өзгерістерді сіздер қалай сезіндіңіздер?

Мырзатай: Ол дәуір, ол кезең тарихи, саяси жағынан алып қарағанда өте бір ауыр, өте бір қиын, арты бар, алды жоқ, бәрі күңгірт, не боларын, немен тынарын жұрт білмей жүрген, босқа сайраған, сондай бір ызғи заман болатұғын. Бірақ жұрттың кеудесіне бір жылулық келе бастаған, өйткені бұрын құдайдан да биік санаған партияны жұрт етектен де алып, шалғайдан тартып, ауылда да, көшеде де сынай бастаған еді.

Автор: Мәскеуде де. СССР Жоғарғы Кеңесі сессияларында да.

Мырзатай: Иә, сөйтіп, сорлы партия ойда жоқта сондай бір сұмдыққа душар болған еді. Оның үстіне әуелі Қазақстанда қазақ жастарының желтоқсан көтерілісі болды. Содан кейін Балтық жағалауынан бастап, әр жерде көптеген наразылықтар туа бастады. Неден туды ол наразылық? Жалпы Кеңес Одағында ол кезде халықтың тұрмысы өте төмендеп, нашарлап кеткен еді деп мен айта алмаймын. Жасыратыны жоқ, тамағымыз тоқ болды. Баяғыда ауылдағылар не деуші еді: «Маленков берген байталды, Хрущев келіп қайта алды»...

Автор: «Айналайын Брежнев, байталымды қайтарды» дейтін еді ғой.

Мырзатай: Иә, сол кезде жұрт малды да бола бастады. Бірақ, партияның кенеуі кетіп, келеке болып, мазаққа айнала бастаған, партия органдарында істейтін қызметкерлердің өзін күстаналап, сынай бастаған кез еді. Біз Орталық Комитетте жүрген кезімізде сондай сындар басталды. Мынадай бір эпизод еске түседі. Біздерге тікелей бағынысты емес бір орыс газетінен, қазір аты есімде жоқ, сондай сынның бірін оқып, редакторы мен жазған авторын шақырып алдым. Орталық Комитеттің тамақ ішетін асханасы бар ғой, соның дастархан мәзірі, менюі жаңағы жазған сыншының қолына түсіпті. Қазақстанға Қолбин келген соң жетіспеушілік, жокшылық белең ала бастаған, жақсы асханалар жабылып, тамақ қымбаттаған, дүкендер де қаңырап бос қалған, тұрмыс шұғыл төмендеп, қиындай бастаған кез еді. Ал Орталық Комитет асханасының тамағы да, бағасы да сол бұрынғыдай. Соны көріп, «бұл сұмдық қой, халықтың жағдайы қиындап жатқанда партия қызметкерлері тегін тамақ ішеді екен» деп сынап жазған ғой әлгі автор. Біз, Орталық Комитеттің бөлім басшылары ол кезде киімді де арнайы дүкеннен алатынбыз, соған отбасымызды талонмен жіберетінбіз. Ол дүкеннің өзі бір ескерусіздеу болғанмен, іші толған жақсы киімдер еді. Тамақтың да бәрін, ет, қазы, сервелат қолбасаға дейін мөлшерлеп беретін. Орталық Комитет хатшыларына өз алдына бөлек қызмет көрсетілетін. Бөлім бастықтарының да жағдайы жаман емес еді. Орталық Комитетте істеп жүргендегі бір жеңілдігіміз, жақсылығымыз сол болатын. Оны ана сыншы білмейді, білсе, тіптен ойбай салатын еді.

– Жігіттер, жазып отырғандарың дұрыс, – дедім. – Халықтың жағдайын білмей отырған жоқпыз. Бірақ неге біз ылғи сорлы бола беруіміз керек? Сендер, міне, жүрсіндер, іздегендерін, аңдығандарың біреудің кемшілігін, әйтеуір жұртты елең еткізетін бірдеме табу. Бізде ол жоқ қой, біз таңның атысы, күннің батысы, өне бойы қызметтеміз, түннің бір ауғында тентек қойдай теңселіп, шаршап, үйге келеміз.

Таңертен кетсең, балаң ұйықтап жатады, жұмыстан қайтып келсең, балаң тағы ұйықтап жатады. Бір үйде тұрып, бір үйден өріп, айлап балаларымызды көрмейміз. Сендер күні-түні бала-шағаның қасындасыңдар ғой. Сонан соң, шақырғандағы сендерге айтпағым, неге біз жақсыны, жақсылықты көрсек, сынауға тиіспіз. Қайта содан үйренейік, үлгі алайық демейсіңдер ме? Тамағы сапалы, бағасы қымбат емес, жақсы асханалар ұйымдастырайық демейсіңдер ме? Мына жерде ешкім ешкімнің ақысын жемейді, үстінен пайда табайық демейді, сондықтан тамақ онша қымбат емес, — дедім. Ал, шындығында ол асханаға тамақты арзандату үшін мемлекет дотация беретін еді. Оны айтқан жоқпын. Аналардың «тегің тамақ» деп айқайлап жүргені содан. «Мүмкін, сендер ойлайтын шығарсыңдар, тамақты бізге кабинетке әкеп береді деп. Асықпаңдар, қазір он бес минуттан кейін буфетке барамыз», — дедім. Түстен кейін буфетте шай ішетініміз бар еді. Оған жұрттың бәрі келетін. Ал, тамақты барлық қызметкерлер бірінші қабаттағы үлкен асханадан, бөлім меңгерушілері шағындау бөлек залда ішетінбіз. Сонымен, буфетке келсек, қырғын кезек тұр. Әдетте, мен келгенде, жігіттердің бірінің, көбіне Жүнісбек Сұлтанмұратовтың кезегі жақындап тұратын, ол өзі сондай бір пысық жігіт еді, олар мені алдына жібере қоятын, ешкім ештеңе демейтін. Бұл жолы ескертіп қойғанмын, мені шақырмандар деп. Ана екеуімен тұрмын, әбден сүмірейді екеуі, жалығайын деді. Кезегім келді. «Мен сендерді сыйлап жіберейін, не ішесіңдер?» — дедім. Екеуі де «кофе» деді. Өзіме шай, үшеуімізге бір-бір коржик алдым. Орын жоқ, күтіп тұрдық. Орын босаған соң даяшы қыз келіп сұртті. Отырдық. Қайтадан кабинетке келдік. «Орталық комитет үйінің сыртынан қарап, ішіндегілердің бәрінің айдағаны кесір деп ойлайтын шығарсыңдар. Өздерің жаңа көрдіңдер. Осындағылардың бәрі қарапайым адамдар. Күн көру үшін қызмет істейді. Шалқып жатқан ештеңе жоқ. Менің айлығымды білгілерің келе ме?» — деп сұрадым. «Жоқ, ойбай, Мырзатай Жолдасбекович, рахмет, рахмет», — деп олар кетті. Одан кейін олардың не деп жазғандарын білмеймін.

Идеология бөліміне келген кезде партия неден құдыретті болды екен деп ойландым. Сөйтсем, партия халыққа айтатын жақсы сөздің бәрін діннен алыпты. Коммунизмнің алты принципі болды ғой. Соның бәрі, қарасаң, діннен алынған. Сөйтіп отырып, дінді құстаналаған. Елдің сеніміне ие болып, «халықтың қамқоршысымыз» деген. Әуелде оның басында тұрғандар ақылсыз емес еді. Партия сөйтіп билікті алды, кемеліне келді, болды, толды, шалқыды әбден. Дүние жүзіне ықпал жасап, әр елде компартиялар құрыла бастады. Олар Кеңес Одағы компартиясының съезіне келіп сөйлейтін. Италия компартиясының көсемі Пальмиро Тольятти, Югославия партия комитетінің бірінші хатшысы Иосиф Броз Тито, Румыниядан Чаушеску сияқты. Одақтың ішінен Украина хатшысы Шелест. Осылар кәдімгідей ой-пікір, сын айтып сөйлейтін. Қалғанының бәрі жалбағай, жалпактап сөйлейтін. Өзара сын деген де болды партияның принципінде. Бірақ, сындардың көбі қауқарсыз, жалған сындарға айналып кетті. Бұлар бірте-бірте әуел баста кімге қамқорлық жасаймыз дегендерін ұмытып кетті. Оның үстіне Одақтағы әртүрлі ұлттарды жоюға кірісті. Оның тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ұлттық мәдениетін мансұқ етті. Соның кесірінен, әсіресе, біздің қазақтың тарихы табанға тапталды, әжуа-күлкі болды. Қазақты сауаты жоқ, далада өріп жүрген, мәңгіп жүрген жабайы халық деп санады. Бұратана атандырды. Осындайдың бәрі кез-келген ұлттың намысына тиіп, шымбайына батты. Ақыры, осындай елемеушілік партияның түбіне жетті.

Кеңес Одағы кезінде Қазақстан неше түрлі сынақтың лабораториясы болды ғой. Қазақ көнбіс халық. Ядролық сынауды былай қойғанда, адамды қанаудың, адам баласын кемсітудің, өзінің түп-тамырынан, тарихынан, тілінен, әдет-ғұрпынан айырудың да тәжірибе алаңы болды. Халықтың негізгі байлығы, күнкөріс көзі — малдарын сыпырып алып, орнына түк бермей, ашаршылықты қолдан жасап, халықты қырды. Іргелес отырған өзбектер олай қиналған жоқ, қырғыздар олай қырылған жоқ. Қайта қазақтар анда қашып, мында қашып, Ресейге, өзбекке,

қырғызға, түрікменге, тәжікке барып паналап, біразы аман қалды. Ұлттар достығының лабораториясы деп, миллиондаған орыстарды, өзге халықтарды әкеліп төкті. Сөйтіп, қазақ өзінің тарихи отанында, ата-бабасының жерінде азшылыққа айналды. Тілін жоғалта бастады. Ұлт ретінде тарих сахнасынан өшіп кетудің аз-ақ алдында қалды. Кенес Одағы көсемдеріне алдымен керегі қазақ халқының өзі емес, асты да, үсті де бай, ұлан-байтақ жері еді. Ғасырлар бойы атысып, шабысып, алысып-жұлысып соншама жерді ешкімге бермей, ұстап келген халықтың сол кезде өзінің ішінен шыққан Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Тұрар Рысқұлов, Мұстафа Шоқай сияқты ел қамын ойлаған көсемдері де болды. Алаш ардагерлерінің арманы азаттық алған тәуелсіз демократиялық мемлекет құру еді. Мұстафа Шоқай Түркістан мемлекетін орнатуды аңсады. Ел бастаған, халықтың сөзін ұстаған, соңынан халық еретін қайраткерлерден қорыққаннан, орталық оларға қарсы әртүрлі айла-шарғы қолданды. Тұрар Рысқұловты Мәскеуге апарып, Совнарком төрағасының орынбасары етіп отырғызып қойды. Оны жарылқайын деген жоқ, одан қауіптенді. Кейінірек алаш ардагерлерінің барлығын өз халқының жауы атандырып, түрмеге тықты, жер аударды, ату жазасына кесті.

Одақтың партия тарихында, партия басшылығында Қонаев, Әлиев, Шеварнадзе сияқты өз ұлтының арасынан қайнап шыққан көрнекті қайраткерлер көп болған жоқ. Олар ұзақ жылдар партия басшылығында жүрсе де, бәрібір, өз халқының қамын жеді, өз ұлтына жақын болды. Горбачевтің «перестройка» деп айқайлап жүргені, осылардай жасы ұлғайған, беделі зор қайраткерлерден де құтылу еді.

Желтоқсан көтерілісі, одан кейінгі ахуал, күрес бәрімізді өсірді, шыңдады, әр нәрсені әділ бағалауды үйретті. Бұрынғыдай лапылдап, «жасасын, Компартия!» деп жүргеніміздің қате екенін сезіндік. Өйткені барша жұртқа құшағы ашық, пейілі кең, дархан ұлтымызды «ұлтшыл» атандырған Саяси Бюроның шешімі шыққаннан кейін-ақ қазақ ішін тартты, аяғын жинап алды. Сол уақытта біз Колбиннің өзін пайдаланып, біраз нәрсені жүзеге асырдық. Бұрынғы өшкенімізді жандырып, арыстарымызды қайта тірілтіп, халқымыздың көсемдерін өзіне қайтардық. Ұлтымыздың өше жаздаған әдет-ғұрып, салт-дәстүрін қайта жарыққа шығарып, жандандыруды міндетіміз деп білдік. Осындай мәселелердің барлығын біз сол кезде Министрлер Кеңесінің Төрағасы болған Нұрсұлтан Назарбаевпен ақылдаса отырып жүзеге асырғанымызды айта кетуді өзіме парыз санамаймын. Нүрекең өз тарапынан бізге әрдайым қолдау, көмек көрсетіп отырды. Сонда талай құдыреттерді көрдік. Халықта үлкен сілкініс пайда болып, жайнап кетті. Қиындықты елеп, қайда бара жатырмыз деген жоқ. Қайта бай рухани дүниесіне тереңдеп бойлай түскеніне, құлшыныс танытқанына куә болдық. Құданың құдыретіне қараңыз, сонда халықтың құндағында жатқан, жүрегінің бұрышында бой тасалаған айтыс өнері қайта қаулап шыға келді. Ең алғаш айтысқа жол ашқан кезімізде жазып келгендерін тізесіне қойып айтқандар болды ғой. Соның бәріне мүмкіндік бердік. Қалыптассын дедік. Жұрттың есінде болар, алғашқыда әлжуаз балапандай қанат қағып басталған айтыс өнері небәрі екі-үш жыл ішінде қанаты қатайған қырандай шарықтап, самғап өсті. Наурыз жаңа жыл болып қайта оралды, салт-дәстүр санада жаңғырды, тарих жаңаша таразыланды. Қазақстанның жер, ауыл, көшелері өзінің тарихи атауларын қайтара бастады.

Жалпы, саясатты, қашанда болмасын, биліктегілер жасайды. Сол кезде Өзбекәлі екеуіміздің қолымызда біраз билік болды, біз оны жұртымыздың жоғын жоқтап, халқымыздың кетіп қалған есесін қайтаруға пайдаландық. Елімізге керек кезінде еш қиындықтан тайсалмадық. Наурыз мерекесін қайтару кезінде «сендер мұны дұрыстап жазындар» деп газеттерге тапсырма бердік. Жаңадан шыға бастаған «Алматы ақшамының» ұжымына: «Сендерден жұрт көп жаңалық, жақсылық күтеді. Наурыз мерекесін өткізуді, қалыптастыруды мықтап қолға алындар, жақсылап жазындар. Алматыда Наурыз қалай тойланса, басқа қалалар да солай тойлауға тырысады» дегенді айттық. Орталық комитет жер-жерден Наурыз мерекесіне қатысты көптеген

деректер алып, газеттер солардың бәрін беріп отырды. Ұлт мүддесіне қатысты мәселелер сол кезде баспасөзде қатты көтерілді.

Автор: Өзбекәлі екеуіңіз Орталық Комитетте жүргенде Ленинградтағы Эрмитаждан халқымыздың қасиетті жәдігері Тайқазанды қайтарып алуға да ұйытқы болдыңыздар ғой.

Мырзатай: Тайқазанды халқымызға қайтару — Өзбекәлінің көп жылдарғы арманы болатын. Мұны ашып айтқанымыз жөн. Бұл мәселе туралы ол бұрыннан, мәдениет министрі болмай тұрып та, болған соң да көп ойланып, ізденіп, зерттеп жүреді екен. Орталық Комитетке хатшы болып келген соң жаңа қызметінің мүмкіндігін пайдаланып, тәуекел деп осы арманын жүзеге асыруға құлшына кірісті. Өзекеңнің «Тайқазанды қайтару қажет» деген сөздері маған да бірден ұнады. Мен де сол кезде халқымызға қажетті бұл іске қолымнан келгенше атсалыстым. Өзекең осы мәселе бойынша мені екі рет іссапарға жіберді. Алғашқы жолы Ленинградқа Қазақстанның күндерін өткізуге баратын болдық, сонда Өзекең маған: «Осы жолы міндетті түрде Тайқазан жайын анықтап біліп кел. Кенесарының басына да сұрау сал» деп қосымша тапсырма жүктеді. Ол кезде Эрмитаждың директоры Борис Пиотровский деген академик еді. Кейін тоқсан төртке келіп қайтыс болды. Өле-өлгенше директор болды. Қазір соның баласы Михаил Пиотровский директор. Орталық Комитеттің бөлім меңгерушісі емес, хатшысы болсаң да ол кісіге кіру қиын екен. Керемет көп білетін, зиялы, мәдениетті, адамгершілігі зор, бойы биік, өте беделді, жақсы кісі екен. Мен қалалық партия комитеті басшыларына өтініш айтып едім, солар орайын келтіріп, апарып, жолықтырды. Жылы жүзбен қарсы алып, тиісті адамын шақырып алды, жасы шамамен алпыстан асқан, толықтау әйел екен.

— Тайқазан бар ма? — деп сұрады.

— Бар, — деді ол.

— Қайда тұр?

— Көрмеге қойылмаған. Қосымша қоймада, төменде тұр, — деді ол. Мен енді Кенесары ханның басын сұрадым.

— Ондай бізде жоқ. Көрмеде де, қосымша қоймада да, — деді әлгі әйел бірден.

— Тайқазанды көргіңіз келе ме? — деп сұрады Пиотровский.

— Иә, — дедім көңілім толқып.

— Онда мына кісі апарып көрсетеді, — деп, мені әлгі әйелге қосып жіберді. Содан төменге, подвалға, қосымша қоймаға түстік. Толып жатқан заттардың ішінде тұр екен, көзіме бірден оттай басылды. Бұрын көрмегенмін ғой, бірақ бұрыннан көріп жүрген қимас қазынамдай сезіліп, денем біртүрлі тігіркеніп кетті. Тайқазан да: «ақыры, іздеушілерім келді ғой менің» деп қуанып тұрғандай болып көрінді. Ана әйелден енді оңашада сыр тартып: «мүмкін, Кенесарының басын да іздеп көрерсіз» деп едім, «ол мұнда жоқ» деп манайлатпады.

Автор: Кенесарының бас сүйегі туралы баяғыда, біз университетте оқып жүргенде, ұстазымыз Темірғали Нұртазин: «Мен соғыстың алдында Ленинградта аспирантурада оқып жүргенде Эрмитаждан көрдім. Астында: «Голова киргизского разбойника Кенесары Касымова» деген жазуы болатын» деген еді.

Мырзатай: Апырай, ә. Онда бір жерде жатыр ма екен? Әлде біреу қастандық жасап, құртты ма?

Автор: Эрмитажда соғысқа дейін көрмеге қойылған жәдігерлердің тізімі архивтерінде бар шығар. Соларды тағы мұқият зерттеп, іздеп көрсе, бір дерегі шығып қалуы да мүмкін ғой.

Мырзатай: Көргенімді Өзекеңе айтып келдім. Ол кісі қатты қуанып, толқыды. Содан кейін тыным таппады. СССР Мәдениет министріне звондайды, өйтеді-бүйтеді. Министр: «Бұл мәселені Пиотровскийдің өзі ғана шеше алады» десе керек. Содан соң: «Тағы да арнайы барып, Тайқазанды сұрап қайт» деп, мені қайта жіберді. Пиотровский мені қабылдады. Ол расында да Одақтың министрінің сөзіне құлақ аспайды екен. Бәрін өзі шешеді екен. Адамдарын жинап алды, олар: «Мы нигде,

никогда не выставляли. Пожалуй, решать вам», — деп, ешқандай өзге пікір айтпады. Сонда Пиотровский: «Ленинградтын Қазақстанға деген ықыласы ерекше. Кешегі Ұлы Отан соғысында, қала ұзақ қоршауда қалған, адамдар бомбадан, аштықтан, суықтан өліп жатқанда, Ленинград тарихының ең бір ауыр, қиын-қысталаң сәтінде адамдарымыздың рухын көтеріп, моральдық үлкен сүйеніш болып, қазақтың жүз жасаған ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың жүректен шыққан, әкелік ыстық сөздері жеткен. Плакат болып басылып, қираған үйлердің қабырғаларында ілулі тұрған. Адамдардың соны оқып, тебіреніп, жүректерінде жылу пайда болып, көңілдерінде жеңіске деген үміт пен сенім қайта оянып, жылап тұрғандарын көргендер әлі бар. Жамбыл елінің, қазақтардың қымбат жәдігері Тайқазанды еліне қайтарайық» дегенде көзінен жас еріксіз ыршып кетті. Өзімді дереу қолға алып: «Сізге өз атымнан, халқымыздың атынан, шын жүректен мың мәртебе үлкен алғыс айтамын! Бұл біздің халықтың қасиетті, баға жетпес, қымбат мүлкі. Халық ұғымында Тайқазан — еліміздің ырысы, құты, берекесі», — дедім.

Көп кешікпей Тайқазан елге келді. Алып келуге Түркістаннан бірталай адамдар барды. Ол да үлкен оқиға болды. Тайқазан кеткенде қазақтың көзінен жасы, мандайынан соры арылмады. Тайқазан қайтып келген соң Қазақстанның бағы қайта жанды. Даламызға құт-береке Тайқазанмен бірге қайтып оралды. Ол табыстардың барлығы, шынтуайттап келгенде, Елбасымыздың, халқымыздың тынымсыз, ерлікке бара-бар еңбегінің арқасы ғой.

Автор: Темірғали ағамыздың Кеңесарының басын көрдім, астында жазуы бар еді дегені анық есімде. Әлде Эрмитаж емес, басқа музейді атады ма. «Голова киргизского разбойника» деген соң, қырғыз еліне қатысты жәдігерлердің ішіне түсіп кетті ме? Менің Темекеннің аузынан ол сөздерді естігеніме жарты ғасырдан асты ғой. Соңғы уақытта жүз жыл бұрын мерт болған Кейкі батырдың басы табылып, елге жетті. Сол жерден де, қазақ, қырғыз жәдігерлерінің ішінен де қарау керек шығар, мүмкін. Әлі де болса Кеңесары бабамыздың басы табылар, елге оралар деген үміттемін.

Мырзатай: Кім білсін. Іздеуді жалғастыру қажет, әрине...

Автор: Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы да сол уақытта құрылды емес пе?

Мырзатай: Ана тілінің тағдырына алаңдаған ұлтжанды азаматтарымыз халықаралық қазақ тілі қоғамын құру керек деген мәселе көтерді сол кезде. Біз, Өзбекәлі екеуміз де осы пікірді қолдау жағында болдық. Бұл уақытта Меңдібаев Министрлер Кеңесіне Төрағаның орынбасары болып ауысып, орнына Талдықорған обкомының бірінші хатшысы Ануфриев Владислав Георгиевич деген келген. Өзі бір сүйкімсіз, басы қағанақтай, іші тар, қазақты өте жек көретін жеңілтек адам еді. Қазақтың жерін басып, суын ішіп, дәмін татып жүріп, қалайша қазақты жек көреді деп Талдықорғанда жүргенінде оған таң қалатынымын. Қазақ туралы, ұлт туралы, ұлттың тарихы мен мәдениеті туралы, ұлттық тіл туралы әңгіме болса, шошып кететін қақалақ еді. Ішіне түк сыймайтын адам еді. Біздің сорымызға Орталық Комитетке екінші хатшы болып соның келе қалғаны. Меңдібаев онып тұрған жоқ еді, бұл одан да сорақы болды.

Сол кездегі көпшіліктің тілегін ескеріп, М. Әуезов атындағы драма театры залында тіл жанашырларының съезін өткізетін болдық. Жасырып-жабатыны жоқ, екінші хатшы Ануфриевтен «тілдер съезі» деп өткізіндер, «тілдер қоғамы» деп құрындар деген нұсқау алдық. Сондағысы жалғыз қазақ тілін ғана емес, орыс тілін де қорғайтын қоғам болсын дегені еді. Барлық облыстардан делегациялар келді. Олардың құрамына ұлттық намыстары оянған, қазақ тілінің сол кездегі ахуалына жандары шындап күйзелетін адамдардың кіргенін съезд барысы көрсетіп берді. Сөйлегендердің барлығы «біз мұны Халықаралық қазақ тілі қоғамы деп құруымыз керек», «басқаша болуы мүмкін емес» дегенді айтып, осылай етудің қаншалықты дұрыс болатынын жан-жақты дәлелдеп жатты. Өйткені шет елдерде тарыдай шашылып жүрген қазақтар да аз емес қой. Сөйтіп, «тілдер қоғамы» деп құрайық деген, съезді ашқан кезде айтылған ұсыныстың өтпейтіні байқалып қалды. Орталық

партия комитетінің тапсырмасымен «тілдер қоғамы деп құрғанымыз дұрыс болар» деп сөйлеген бірер адамның сөзін ешкім керек қылмады. Айқай-шу көбейіп кетті. Өзбекәлі екеуіміз президиумда отырмыз. Іс насырға шауып бара жатты. «Өзеке, — дедім, — байқап отырсыз ғой, қазір басқа сөзді ешкім тындамайды, сондықтан көпшіліктің ығына жығылуымыз керек, сіз кете берініз. Жұмыс көп қой, сылтау айтармыз, мен қалайын. Өйткені екеуіміз бірдей мына жерде отырсақ, ертен бізді қорғайтын адам болмайды. Сіз әне жерден мені қорғайсыз ғой. Мен аяғына дейін қалайын», — дедім. «Пожалуй, мынауың дұрыс шығар», — деді де, Өзекең кетті. Біреулер: «Жәнібеков неге кетіп қалды?» — деп сұрады. Мен түсіндіріп айттым. «Қауырт жұмыстар көп, үлкен бір мәселе бар еді талқылайтын. Соған кетті. Мен қалып отырмын, мен тындаймын», — дедім. Аяғында «Халықаралық қазақ тілі қоғамын» құрып шықтық қой. Қоғамның Президенттігіне тіл білімі саласындағы көрнекті ғалым Әбдуәлі Қайдаров, Вице-президенттігіне Өмірзақ Айтбаев ұсынылды. Дауысқа салдық, бірауыздан қабылданды. Ертенінде таңертең мені екінші хатшы Ануфриев шақырды.

— Ну, что, добились? — деп сұрады.

— Владислав Георгиевич, съезд шешті.

— Біз мұндай нәрсенің қалай іске асатынын білеміз. Әрине, съезд шешеді, егер сіздер жетекке жүре берсеңіздер. Осы жерде мен сізге айтайын, сізді «ұлтшыл» деп жүр ғой. «Жолдасбеков ұлтшыл» дегенді басқа ұлттың адамдары емес, қазақтардың өздері айтып жүр, — деді.

— Владислав Георгиевич, бұл жақсы сөз. Өзінің ұлтын қорғайды, жақсы көреді деген сөз емес пе, — дедім.

— Олай деуге де болады. Бірақ өзге ұлттарды жек көреді деген, басқа да мағыналары бар, — деп қатты кетті.

— Мен ондай емеспін. Біз олай терендемейік. Сізбен біз Талдықорғанда жап-жақсы жұмыс істедік. Мына мәселе ушығып бара жатыр, сіз келсеңізші, екінші хатшысыз ғой деп шақырсам, сіз не істер едініз? Бет-аузыңызды аймандай ғып шығаратын еді ана жерден. Ол жерде халыққа қарсы тұру қиын. Ал, менің жалғыз даусым не шешеді? — деп, біраз жерге барыстық. «Сіз мені жазалағыңыз келіп отыр ма? Не үшін?» дедім. «Сіз, ең алдымен, Орталық партия комитетінің қызметкерісіз. Партия комитетінің позициясын, саясатын білесіз, соны қорғауыңыз керек еді» деді ол. Мен: «партия да жұртшылықтың пікірімен санасуға тиісті кездер болады, көпшіліктің, халықтың қитығына тие бермеу керек, оның арты жақсылыққа апармайды» дедім. Сөйтіп, ол маған айыбын тақты, мен өз дәлелдерімді айттым. Еш қорытындыға келгеніміз жоқ. Мен шығып кеттім. Артынан ол әңгіме қайта жалғасқан жоқ.

Автор: Мырзеке, «Егемен Қазақстан» газеті осы таяудағы, 2016 жылғы 22 қыркүйектегі санында Қазақстан халқы тілдерінің мерекесі күніне орай Ұлттық ғылым академиясының академигі Әбдуәлі Қайдаров ағамызбен шағын сұхбат жариялапты. Сонда ол кісі сол кездерді еске түсіріп, өзінің «Қазақ тілі» қоғамын құру жөніндегі ұсынысымен әуелі Орталық Комитетке, Өзбекәлі Жәнібековке барғанын айтады. Обалы нешік, Өзекең бізді бірден қолдады. «Сіздер үлкен мәселемен келіп отырсыздар, шамам келгенше жәрдемдесемін» деп жылы шығарып салды. Содан кейін жиын мен митинг, тіпті, конференция өткізуге ол кісінің өзі жер-жерден рұқсат алып беріп, қызу кірісіп кетті. Қолында билік бар ғой енді. Содан қоғамымыз Өзбекәлі мен Мырзатайдың арқасында 1989 жылдың қыркүйегінде құрылған еді деп еске алыпты.

Сол кездер туралы тағы не айтуға болар еді?

Мырзатай: Ұлтымыздың мұқтаждарын, қоғамдағы келенсіздіктерді, көпшіліктің көкейіндегісін айтып, сол кезде батыл сөйлеп, батырлық танытқан адамдарды да айта кеткеніміз орынды сияқты. Баспасөзде ол Шерхан, халық ішінде Мұхтар Шаханов еді. Сол кезде Мұхтар депутат та болды. Шерхан газет жұмысын да, баспасөзге қойылатын талаптар мен міндеттерді де, орнымен жұмсай білсе баспасөздің алмастай өткір қару екенін де жақсы білетін азамат қой. Ол басқарған газет-журналдардың

беделі артып, таралымы, тиражы өсіп, жалы күдірейіп шыға келетін. Ол өмір бойы өзінің ұлтына бойындағы талантымен, барлық ынта-жігерімен аянбастан қызмет етті. Осы жерде мен енді Шерханның сол кездегі бір үлкен азаматтық, ерлік ісіне тоқтала кетпекпін.

Орталық комитетте бөлім бастығы болып жүргенімде бір күні маған Шерхан келді. Қолында қалың папка, іші толған хаттар.

— Шер-аға, бұл не? — дедім.

— Адамдардың көзінен жастың орнына қан ағып, жылап-еңіреп отырып жазған арыздары, — деді Шер-аға. — Алматы облыстық партия комитетін басқарып тұрғанда Мендібаевтың жұртқа жасаған қиянаттары туралы. Оқып көруіңе болады, — деді. Біразын қарадым. Адамның жаны түршігетін жайлар екен.

1985 — 1988 жылдары Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Мендібаев Колбиннің кезінде одан әрі жоғарылап, Орталық партия комитетіне екінші хатшы болып келген еді. Сол кезде біздің бөлімді жөн-жосықсыз, еш негізсіз кінәлап сөйлеп, артынан аппарат қызметкерлері алдында менен кешірім сұрауға мәжбүр болғанын алдында айтып кеттім. Содан кейін ол республиканың Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасарлығына ауысып, сол биік лауазымда қызметін одан әрі жалғастырып жатқан.

— Мына хаттарды не істейміз? — деп сұрады Шерхан.

— Өзіңіз қандай ойдасыз?

— Мен жариялау жағындамын. Сұмдық қой! Қаншама халықты зар еңіреткен. Елге қадірлі қанша азаматтарды жазықсыз қудалап, орнынан алып, қаңғыртып жіберген. Жұрт запыран құсып, көмек іздегеннен амалсыз газетке жазып отыр. Бергеніміз әділеттілік болар еді.

Шерханның айтып отырғаны дұрыс, ал «бергеніміз әділетті болар еді» дегені қауіпті әрі ерлікпен бара-бар шешім еді. Мендібаев соның алдында ғана республика партия ұйымы басшылығындағы екінші адам болса, әлі де биікте, енді республика үкіметіндегі екінші адам болып отыр. Мұндайға кез-келген өзге журналистің тәуекелі жетпес еді. Мен кішкене ойландым да:

— Берсеңіз, беріңіз, — дедім. — Бірақ, жауапкершілікті мойныңызға аласыз. Мен білмеген болайын, жариялап жатқан — сіз. Ал ертең, мақала шыққаннан кейін, мен сізді барынша қорғауға тырысамын.

Шерхан батыр адам ғой:

— Бопты, — деді.

Бірер күнде мақала шықты. Таңертең Өзбекәлі мені өзіне шақырды. Барған бойда «мынау не» деп маған алара қарады. Алдында, стол үстінде «Егемен Қазақстанның» мақала шыққан беті ашық жатыр. Мен:

— Білмеймін. Газетті әлі қарағаным жоқ. Не болып қалыпты? — дедім.

— Немене бұл? «Кіші 37» дейді, — деді Өзекең. Мендібаевтың кім екенін, істеген істерін менен артық біледі ғой. Сыртынан жақтырмаса да, іштей риза болып отырған сынайлы.

— Кәні, қарайын, — деп, газетті алып, көз жүгіртіп оқып шықтым. — Мұны бөлім білмейді, — дедім сонан соң.

— Бұл не деген сұмдық! Неге білмейді бөлім? Бұлар неге бетімен кетеді?

— Жок, Өзеке, бетімен кеткендік емес қой. Ішке сыймаған ғой. Жазбауға болмаған ғой, — дедім.

— Шақыр редакторды, — деді.

Шерханды шақырдық. Әуелі маған, бөлімге келді. Мен Өзекеңе ертіп бардым.

— Мынау не? — деді Өзекең оған да.

— Жазбауға болмады, Өзеке. Ешкімнің кінәсі жоқ. Кінәліні іздесеңіз, ол — мен. Мен тіпті бөліммен де келіспедім. Жалпы, кез-келген мәселені бөліммен ақылдасып отырамыз. Бірақ бұл жолы білдім, бөлімнің қарсы болатынын. Жазбауға болмады. Ол үшін қызметтен алып тастаймын десеңіздер, алып тастаңыздар, — деді сабырмен.

— Өзеке, неге аламыз? Халықты қан жылатса. Әділін жазған адамды жұмыстан қалай аламыз? Ертең газеттің беделі не болады? Қайта беделі көтеріледі. Еш адам ойына келгенін істемейтін болады, — деп ара түстім.

— Ой, сен де қайдағыны айтасың, — деді маған.

— Болмаса айтыңыз. Кінәліге мені де қосыңыз, — дедім. Үндемеді.

Мақала жөнінде басқа ешкім ештеңе деген жоқ. Сол күйінде қалып қойды. Ешкім жазаланбады. Шерхан орнында. Мен орнымдамын. Сол кезде екі қауіптен қалдым. Бірі — қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру керек деп Колбинге жазған хатым, екіншісі — осы мақала. Меңдібаевтың адамдарға жасаған қиянаттары елге осылай әшкерә болды.

Мақала 17 сәуірде шықты. 22 сәуірде орталық алаңдағы Ленин ескерткішіне гүл қоятын дәстүр бар еді ол кезде. Жиналып тұрғанбыз. Қаскелеңнің жеміс-көкөніс совхозының сауыншысы бар болатын, орталық партия комитетінің бюро мүшесі еді. Сол әйел: «Как дела, Марат Самиевич?» — демесі бар ма. «Как дела, был человеком, не стал человеком. Он виноват», — деп Өзбекәліні көрсетті. Сонда ойында әлгі мақала тұр. Өзекең ешнәрсе деген жоқ, үндемей бұрылып кетті. Сосын, шыдай алмай: «Марат Самиевич, қазақта мақал бар, қолмен істегенді мойынмен көтеру керек деген. Вы же сами натворили там немало делов», — деп жауап бердім. «Да, ты, че там болтаешь?» — деді ол.

Меңдібаев Алматы обкомының бет қаратпайтын бірінші басшысы болып тұрғанда облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып істеген Өзекеңмен қарым-қатынасы жақсы болмаған. Өзекең оның әділетсіз, қиянатшыл істерін біледі ғой, сондықтан оны көргісі, онымен сөйлескісі келмейтін. Кейде бір кадрды екінші хатшымен келісу қажет болғанда, іс қағаздарын менің қолыма беріп, саусағымен жоғары жақты нұсқап, «өзің апарсайшы» деп мені жіберетін. Екеуінің сөйлесіп тұрғанын да көрген емеспіз.

Автордан: «Егемен Қазақстандағы» сол мақала желтоқсан көтерілісінен кейінгі және келесі 1987 жылғы республика облыстарының партия ұйымдарында, жер-жерде орын алған жазалаулар мен заңсыздықтар жөнінде, еліне, жұртына адал қызмет атқарған небір абзал азаматтарға жасалған қиянаттар туралы Алматы облысы көлемінде әңгіме қозғайтындықтан, оны сол калпында осы жерде келтіре кетуді жөн көрдік:

«КІШІ 37» ЕМЕС ПЕ?

М. С. Меңдібаевтың Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған кезіндегі жаппай жазалаушылық әрекеттері хақындағы наза

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне.

Алматы облысының Шелек ауданындағы «Сарыбұлақ» совхозы бастауып партия ұйымының коммунистерінен.

Біз, «Сарыбұлақ» совхозының коммунистері ССРО халық депутаттығына СОКП-дан сайланған М. С. Меңдібаев жолдасты ССРО Конституциясын, совет заңдарын бұрмалап, қызмет бабын кадрларды қудалауға өрескел пайдаланғандығы үшін халық депутаттығынан кері шақырып алу туралы мәселе қарауды сұраймыз.

**Қаулы ашық партия жиналысында қабылданды.
Жиналыс төрағасы А. МҰҚАШЕВ
Хатшысы Л. ЛОБАНОВА.**

Осы жылы наурызда өткен бұл партия жиналысының ашылуына себеп болған

жағдай – ұйымның бір топ коммунистерінен совхоз партия комитетіне түскен шағым еді. Ал, шиыршық атқан, үзілді-кесілді мынадай талаптың жоғары партия органының күн тәртібіне ұсынылуын жалған намыс қуып өнештеген кек деп емес, әділет іздеп, азамат арын, ұйым намысын қорғаған коммунистер үні, әділдік тілегі деп білген жөн. Бұл коммунистер өз ауылдарының басшысы, совхоз директоры болған С. Бекболатовтың жазықсыз жазғырылып, оның ар-намысының қорланғанын, азаматтық, коммунистік, адамдық хұқының заңсыздықпен тапталғанын көргендер. Кезінде шырқырап араша түсіп, шырылдап жанында болғандарымен, бет қаратпас дүлей күш оларды да жайпап, жапырып өткен еді.

Иә, ол тұста ел сасып, ер етегін басып жатыр еді. Саяси дауыл тоқыраудың тоқтау суын шайқап, дүниені астан-кестен еткенде, ел қамын, азамат арын ойлаған адам санаулы-ақ болып еді. Ел деген ердің де есін алып, билігі үстем болғандар елдің де берекесін кетірген бір шақ болды. Сол бір тұста байсалдылар емес, әсіре белсенділер белең алып, асыра сілтеп жібергені енді ғана байқалуда.

Сол бір ескі жараны еске түсірген Орталық теледидардың өткен жылғы қарашаның 19-ы күнгі «7 күн» атты хабары еді. Сонда баяндалған С. Бекболатовтың басынан өткен қиямет-қайым бүкіл ауылды егілтіп, азаматтарын жерге қаратып еді. Азаматтың ақ-адал еңбегінің арамға шығып, от басы ойрандалып, намысы жер болған шағында қолтығынан демей алмай қор болған, арашаға әлдері келмей, жігерлері құм болған сол бір қапалы күндер жандарын қинап, жүректерін сыздатқан еді.

Не істесін, бүгін ғана емес, ол кезде де ойға-қырға жүгірген. Ел болып, ұйым болып арашалап алып қаламыз деп ұмтылған. Әйтсе де ол кезде өз күштерінен гөрі жоғарғы органдарға, әділет барлығына, ел басқарып отырған азаматтар барлығына денірек сенген еді. Содан да қапы соғып, азаматын алдырып, намыстары жер болған.

С. Бекболатов ізденгіш, мал азығын үлгіртудің озық технологиясын өндіріске енгізген, ынталы да іскер ұйымдастырушы, ел-жұртына қадірлі азамат болып танылып тұрған шағында тұтқиылдан істі болып шыға келді. Есін жинап, алды-артына қарауға мұршасын да келтірместен, СОКП-дан шығарып, соттады да жіберді.

Бұл оқиға 1986 жылы болды. Бекболатовқа қылмыстық іс қозғалысымен-ақ шаруашылық мамандары мен коммунистер тобы жағдайды СОКП Орталық Комитетіне мәлімдеп, араша сұраған. Алайда, ол хат Алматы облыстық партия комитетіне оралып, оны тексеруге сол кездегі екінші хатшы А. Щекота келген. Мән-жайды зерттеп, әділ төрелік айту орнына бұл өкім шағымданушылардың өзін қорқытып, кінәлап кеткен. Арада ай өтпей Бекболатовтың соты да болған. Оны соттатқан. Иә, қылмыс тауып соттаған жоқ, бұйрық күшімен бопсалап соттатқан.

– Бұл әділетсіздіктің бұйырушысы сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М. С. Мендібаев еді, – дейді трактор-егіс бригадасының бригадирі, Алматы облыстық партия комитетінің мүшелігіне кандидат А. Лунев. – Мен оның Бекболатовтың атына айтқан негізсіз сындарын талай естідім.

Совхоз жұмысшысы К. Бекова: – С. Бекболатовты шаруашылық ұйымдастырылған 1979 жылдан білемін. Осы жылдарда ол өзінің адалдығымен, адамгершілігімен, іскерлік қабілеті және адамдарға сергектігімен жұмысшылар сеніміне бөленді. Оның басшылығымен 5 мың бастық мал бордақылау алаңы мен мал азығын дайындау цехы іске қосылып, жоғары экономикалық тиімділікке қол жетті. Біз Бекболатовтай іскер кадрды партияның өзі қорғайды ғой деп сенген едік, алайда оның айыпталуына алдымен сол қорғайды-ау деген Мендібаевтың өзі ынталы болған екен, – дейді.

Ж. Әшімбаев, совхоз азаматтық қорғаныс штабының бастығы: – Бекболатовты қорғап СОКП Орталық Комитетіне жазылған хатқа мен де қол қойғанмын. Оған әлі жауап жоқ. Себебі, ол хатқа облыстық партия комитеті жалған жауап беріп, жаптырып тастаған. Бекболатовқа көрсетілген қорлық бізді әлі де күйіндіреді. 37-

ші жылды еске салып, жирендіреді. Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған кезінде М. Меңдібаевтан көптеген совхоз, аудан басшыларының, облыстық қызметкерлердің зәбірленіп, аса қатты қуғын көргені белгілі болып отыр. Халық депутаты Олжас Сүлейменов қорғаған Құс фабрикасының бас директоры Д. А. Ковиньконың көргені бүкіл елге мәлім. Бекболатов та дәл сондай жазықсыз жазғырылған еді. Меңдібаевтың осы әрекеттері оны ССРО халық депутаттығынан кері шақырып алуға толық негіз болады. Коммунистер тілегі орынды.

Н. Түркебаев, соғыс және еңбек ардагерлері ұйымының төрағасы: — Партияда өзінің іс-әрекетімен жұрт алдында оның қадірін кетіретін адамдар да бар. Мен не коммунистермен, не совет занымен, не адамгершілікпен санаспай, Бекболатовтай азаматтарды заңсыз қуғындаған облыстың бұрынғы басшыларын дәл сондайлар деп санаймын. Ол азаматқа ауыр соққы тиді. Жаны жараланды, деңсаулығын бұзды, әйелі мүгедек болып қалды. Ал сондай бір емес, талай адамның тағдырын тәлкек етіп, жан азабына батырған Меңдібаев болса, әлі де жоғары мансапта отырып, «халық қалаулысы» атануда. Бұл әділеттілік пе?

М. Әділбеков, бригадир көмекшісі: — Әңгіме бір адам туралы ғана емес, сол жолы директормен бірге 5 коммунисте қылмыстық іс қозғалды. Бәрі де қазір ақталып отыр. Үлкен азап, қорлықтан кейін ақталып отыр. Ал, әділетсіздікке жаны төзе алмаған совхоздың бас мал дәрігері өліп кетті. Мынау қазіргі «Авангард» совхозының директоры А. Бегімбетов те сол кезде Іле аупарткомының бірінші хатшылығынан жалған кінә жаласымен қуғындалып, түсірілді. Оның да әйелі екінші топтағы еңбек мүгедегі болып қалды. Бұл да М. С. Меңдібаевтың ісі. Мен оны халық депутаттығынан кері шақырып алу туралы коммунистер ұсынысын қолдаймын.

Қолдаймын, қолдаймын, қолдаймын... Қолдаймын, кері шақырылсын! — деген дауыстар бұл жерден ғана емес, жер-жерден естіледі.

«1986 жылы жалған фактілермен жала жабылып, қызметінен алынды. 1987 жылы партия қатарынан шығарылды. Мұқият тексеру барысында оған тағылған жалған айыптар алынып тасталды. 1989 жылы Ш. Е. Сәрсенбеков жолдастың партиялылығы қалпына келтірілді». Алматы жолаушылар тасу автомобилі басқармасы бастығының өмірбаян дерегінен келтіріліп отырған мұндай бопса талайға тиіп, зар еңіреткен. Талай-талай ерлердің еңбегін еш, тұзын сор, бастарын қор еткен.

Соның тағы бірі агроном М. К. Кененбаев: — «1987 жылғы желтоқсанда Алматы облыстық партия комитетінің нұсқаушысы Ә. Қалиев дайындаған анықтаманың негізінде Талғар аудандық партия комитеті мені Арнаулы шаруашылық бірлестігі директорлығынан «басшылықты қамтамасыз ете алмады» деп босаттырды. Ал, іс жүзінде мен келердің алдындағы 1981 жылды 710 мың сом зиянмен аяқтаған шаруашылық мені босатар алдындағы 1986 жылды 1720 мың сом пайдамен, мені босатқан келер жылды да осы деңгейдегі табыспен аяқтады. Шаруашылығымыз республикалық, одақтық жарыс жеңімпазы болып, наградалар мен сыйлықтар алып отырдық. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М. С. Меңдібаевтың өзі де көріп, мақтап жүрді. «Бұл сияқты директорлар облыста саусақпен санарлық қана» деген сөзді оның өзі айтып еді. Солай деп алған ауыз, көп ұзамай қарғады да, қағып түсірді. Мен М. С. Меңдібаевтың тікелей нұсқауымен қуғындалдым. Бар жазығым — облыста өткен бір жиналыста оның ыңғайына қарамай, бітпеген құрылысты бітті деп қабылдауға қарсы болғандығым екен. Содан бастап қуғындалып жүре бердім. Айналып бір келгенімде А. И. Щекота: — Сенің күнің бітуге таяу, — дегенді айтты. Солай болды да шықты. Айтқандай-ақ күнімді түн етті.

Мен туралы мәселе совхоз партия жиналысында талқыланғанда сөйлеген 16 адамның 12-сі мені жақтады. Директорлықта қалу, қалмауым дауысқа салынғанда барлық қатынасқандардың алтауы ғана қарсы болды. Алайда, Меңдібаев аудандық бірінші хатшы Житниковке мені қызметтен босатып, партиялық жаза беруді үзілді-кесілді тапсырып, орындатты. Облыстық «Огни Алатау», аудандық «Звезда Алатау» газеттерін соңыма салып, қудалатты, жұмыс бермей сандалтты.

Мен осы жағдайлардың енді дұрыс тексеріліп, іске партиялық әділ баға берілуін сұраймын», – дейді ол.

Сол сияқты Алматы облыстық партия комитеті басшысынан шаруашылық басқарушылары ғана емес, талай-талай партия қызметкерлері де зәбір көріп, жапа шегіпті. Олар да зар илеп, құсадан әлі запыран құсуда. Олардың да назалы сөздерін бей-жай тыңдау мүмкін емес.

– 1985 жылдың күзінде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайлана салысымен, арада апта өтпей-ақ М. С. Меңдібаев мені өзіне шақырды. Мен Жамбыл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы едім. «Мен Бегімбетов (Іле аудандық партия комитетінің біріншісі болатын) екеуінді босатуға Москвадан тапсырма алдым. Кейін саған совхозды басқаруға жағдай жасаймын», – деді. Нендей себебі барын айтқан жоқ.

Көп ұзамай мені ойдан шығарылған жаламен кінәлап, облыстық партия комитетінің бюросында қызметтен босатып, есеп карточкама жазылған қатаң сөгіс берді. Қойған кінәсі – «Партиялық және мемлекеттік тәртіпті өрескел бұзғаны, ынсаптылық сақтамағаны үшін» делінген. Ал бұған қандай негіз, дәлел болғанын әлі түсінбеймін. Бұл сол кезде де, кейін де дәлелденген жоқ. Ол тек облыстық партия комитеті бірінші хатшысының ойына келгенін істей алатындығы мен менің қорғансыздығымды ғана көрсеткен қиястық іс болды. Меңдібаев мені мүлде жұмыссыз қалдырды. Екі жылдай Еңбекшіқазақ ауданының «Есік» совхозына өз бетімше барып, бригадир болдым.

Осындайлардан, мезгіл-мезгіл облыс басшысы жаңарған сайын болып тұратын адамдарды жазықсыз жазғырып, қорлаудың, негізсіз қуғындаудың тыйылар кезі, тыйыттар күш бар ма екен? Меңдібаев жолдастан әдепсіз саясат, арсыз билік, адамға өштік әрекеттері үшін сұрайтын адам, ол жауап берер кез болар ма екен? Болса екен!» – дейді коммунист Б. Ж. Егінбаев.

Алматы облыстық сауда басқармасының бұрынғы бастығы Э. С. Аймәмбетов те жазықсыз жазғырылып, қызметінен кінәсіз босатылғаны туралы 1986 жылдан бері ізденіп келеді. Ол да: – М. С. Меңдібаев әділетсіздікті көре тұра, біле тұра, сөзіме құлақ аспады, арызымды ілтипатқа алмады, араша түсу былай тұрсын, қайта одан сайын қуғындалуыма ықпал етті, – дейді.

Шырқыраған мұндай дауыстар жеке-жеке де, топ-тобымен де естіледі. Міне, мынау елуден астам адам қол қойған коммунистер тобының хабарлама құралдары орындарына үндеу-хаты. Оны толық келтірмей-ақ, кейбір үзінділерін алсақ та, төбе шашты тік тұрғызғандай істер болғанын байқауға болады.

«М. Меңдібаевтың тарапынан болған аңду, қуғындау, ойына келгенін істеу – көптеген адал, тәжірибелі қызметкерлердің өлгенін өлтіріп, өлмегенін өлімші етті. «Горный гигант» совхозының директоры И. М. Демченко ұзақ қудалауда екі рет инфаркт алып, ақыры содан өліп кетті. Осындай бопсаға «Алматы» колхозының бұрынғы басқарма төрағасы А. Смыков та төзе алмады. Оны қызметінен босатқаннан кейін мүлдем жұмыс бермей қойды. Алматы халық шаруашылығы институтының ректоры, экономика ғылымының докторы, профессор Н. Мамыров та қуғынға түсіп, туған республикасынан кетуге мәжбүр болды. Облыстық халықтық бақылау комитеті төрағасының орынбасары К. Б. Бастаубаев жаламен жұмыстан босатылды. Алматы аэропортының бастығы, жоғары мамандықтағы ұшқыш Д. Душимов үш жыл жұмыссыз жүрді. Ол Меңдібаевтың нұсқауымен партиядан шығарылды...

Оның мұндай өрескел істері кейін облыстық партия комитетінің бюро мүшелері тарапынан да қолдау таппай, бірте-бірте қарсылық көре бастады. Олар оның жұмыс стилі мен әдістеріне облыстық және қалалық партия комитеттерінің пленумдарында сын айта бастауы мұң екен, дереу қуғындалып отырды. В. П. Беляков, З. К. Мыңбаев, Ш. К. Беркімбаева, Г. В. Шулико және басқалар осылайша қудаланды.

...Ол жұмыс істеген алғашқы 1,5 жылда ғана 750 адамды негізсіз қуғындап, жазалады. Оның ішінде 35-і аудандық, қалалық партия комитеттерінің хатшылары,

25-і ауатком төрағалары, көптеген облыстық ұйымдардың, ғылыми-зерттеу, жобалау институттарының, жоғары оқу орындарының, емдеу-сауықтыру, сауда, тұрмыстық қызмет орындарының басшылары бар.

...Қазір тиісті жоғары орындардың араласуы арқасында көптеген адамдар әділдік тапты. Істі болғандардың біразының кінәсіздігі дәлелденіп, сотты болғандары ақталды. Олардың партиялылықтары қалпына келтіріліп, жұмысқа орналастырылды. Оларға мемлекеттік қаржыдан 200 мың сомдай есе толтыру төленді...

... Біз облыс партия ұйымының бір топ коммунистері Мендібаевтың партия, совет басшылық қызметіне келген кездейсоқ адам екеніне көзіміз жетті. Мұндайлар партия беделін түсіріп, халық депутаттығының қадірін кетіреді. Ол жеке тәртібімен өзіне деген сенімді жоғалтты деп санаймыз.

М. Мендібаев бұрынғы ірі аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшылары А. Бегімбетовке, О. В. Дырдинге, А. В. Терземаңға, Б. А. Тұрысжановқа және басқа да көптеген хатшыларға аяусыздық жасады. Іле аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығынан қуғындалып түсірілген А. Бегімбетовты ауру әйелінің жағдайына да қарамастан, басқа баспана да, жұмыс та берместен үйден шығарды. Ал, Нарынқол аупарткомының екінші хатшысы Әміреевті 7 кішкентай балаларымен қыстың көзі қырауда баспанасыз қалдырды. Ол қызметтен қуғындалғандарға жұмыс берілмесін деп бұйырды. Және үнемі бақылауда ұстап, орналасқандар болса іле босаттырып отырды. Ол Бегімбетовты, Дырдинді және басқаларды осылай қуғындап, еш жерге жұмысқа тұрғызбады.

Осындай істерден кейін Мендібаев халық көзіне қайтіп карамақ, жазықсыз жапа шеккендерге не демек? Бұдан кейін басшылық орында отыруға оның қандай қақысы бар? Кеңсай қорымындағы оқиға, соның салдарынан болған ұлтаралық қақтығыс та оның бисаясаттықпен айтқан сөзінің қырсығынан болды...» — деседі олар.

Көптің көрген қорлығы, тартқан азабы туралы айтылған ызалы сөздердің кейбірін ғана теріп айттық.

Бұл адамдар кезінде М. С. Мендібаев жолдасқа айта алмаған сөздерін енді айтып, ақтала алмаған жайларын енді мәлімдеп отыр. Әлі де тең жағдайда тұрып сөйлесіп отырған жоқ. М. С. Мендібаев әлі де билік басында, құрмет үстінде. Қуғындалғандардың біразы әлі сол азаптан арылып, ақталып болған жоқ. Арылғандарының да жандары жаралы, жүйкелері жұқарып, жүректері күйзелген.

Бұған кім кінәлі? Уақыт па, саясат па, қоғам ба, әлде жеке адам ба?

Жеке адам. Қандай қоғамда, қандай саясатта, қай уақытта болса да өмір күшінің іске асу жолы соны орындаушылардың білім мен білігіне, адамгершілік, азаматтық қасиетіне, елін, жерін, халқын қастерлеуіне, жеке бас данқы мен имандылықты таразылай білуіне, елінің азаматтарын қастерлей, қасиеттей білуіне байланысты болған. Сол тұста республикада 19 облыс бар еді. Соның екі-үшеуінде ғана осындай алашапқын, құрыққа сырық байлаған қуғындау, отыз жетіден аса түспесе кем соқпаған зобалаң саясат жүргізілді. Бұл жағдай, әсіресе астаналық облыста, Алматы облысында өрескел асыра сілтенді. Алматы облыстық партия комитетінің бюросы, бірінші хатшысы М. С. Мендібаев жолдас әділетті бола алмады. Әділдіктен жаңылып, жаманатты іске жол берді. Басқарған елінің азаматтарын жаппай жазалауға ұшыратты, көптеген кадрларды жазықсыз жазғырды. Жеке адамдарға өшпенділік пен қысастық істеп, қысым көрсетті, ұзақ уақыт өкшелей қуып діңкелетті, қорлады, өміріне кесел келтірді.

Бұл — көптің сөзі, көптің үні, қорланғандардың назасы. Енді олар: бұл жайға тиісті орындар не дейді, мұндай іске саяси тұрғыдан әділетті баға берілер ме екен? — деп күтеді.

С. ШҮКІРОВ.

Мырзатай: Осы мақала шыққан соң Мендібаев кешікпей орнынан түсті, басшылық дәурені аяқталды.

Автор: Мырзеке, Мендібаевтың тарихы — жаны мен ары таза емес кей адамдардың қолына өлшеусіз, бақылаусыз үлкен билік беріп қоюдың қоғамға, қоғамдағы моральдық, адамгершілік ахуалға, қызметтік лауазымы одан төмен, адал, әділ адамдар тағдырына қаншалықты кеселді, кесірлі, қауіпті болатынын көрсететін сияқты. Ол кездегі обкомның бірінші хатшысының қолында сол облыс көлеміндегі ең жоғары билік шоғырланған еді. Ал үлкен мансап, үлкен билік — қолға ұстатқан өткір, алмас қылыш сияқты ғой, оны ұстаған адамның әрдайым әділ, сабырлы-салиқалы, өзгелердің тағдырына немқұрайды қарамайтын, адамгершілік қасиеттерді аяққа баспайтын адал болуын, бәрі менің өзіме ғана болсын, ішейін, жейін, байыйын, шалқақтап, шалқып өмір сүрейін деген ниғылдарға бой алдырмайтын, жаны, жүрегі таза, ел-жұрттың қамын жейтін адам болуын талап етеді. Бүгінгі таңдағы қолдарына әр деңгейдегі билік тиген аудан, қала, облыс әкімдері туралы да осыны айтуға болар еді деп ойлаймын.

Жаңа Мұхтар туралы да жылы лебіз айттыңыз ғой.

Мырзатай: Енді соны жалғастырайын. Сол кезде, әділін айту керек, тілімізді қорғайық, қайтарайық, наурызды тойлайық, халқымыздың салт-дәстүрлерін қалпына келтірейік, желтоқсанда жазықсыз жазаланғандарды ақтайық деген күрестің алғы шебінде жалындап жанып Мұхтар Шаханов жүрді. Халық оны депутаттыққа сайлады. Бұл сол депутаттығын пайдаланып, биік-биік мінбелерден, қорғаншақтап тартынбастан, батыл-батыл сөйлеп жүрді. Бұл — намысы бар қазақ. Біз, Өзбекәлі екеуіміз Мұхтарды ылғи қолдап, жолын ашып отырдық. Сөйлеуіне мүмкіндік жасап, оның сол сөздерін ұлт мүддесіне пайдаланып отырдық. Ел ішінде бір тентек керек дегендей, ел ішінде сондай бір айқайшы керек еді. «Мынау ел бүйтіп жатыр» деп айтуымыз үшін де. Әйтпесе, дәлел-деректің бәрін қайдан аласың? Қолбин де кейде: «Осыны Жәнібеков екеуін ойлап тауып отырған жоқсындар ма?» — деп күмәнданғандай болғанда біз ылғи қазаққа, халыққа, халықтың осындай азаматтарына арқа сүйедік. Мұхтар Шахановтың қазақ тарихының ең бір ауыр кезеңінде ел-жұрты үшін басын бәйгеге тігіп, ерлік жасағанын айтуымыз керек. Мен оның ақындығын да, азаматтығын да жоғары бағалаймын. Ол поэзияға алғаш араласқан жас шағынан бастап-ақ тұшымды, тағылымды, жас ұрпақ үшін тәрбиелік қуаты мол өлеңдер жазды. Оның «Төрт ана», «Ғашықтық ғаламаты», «Әйелдер» сияқты, алғашқы жыр жинақтарына енген өлеңдерінен бастап, кейінгі барлық кітаптарына кірген өлеңдері, балладалары, поэмалары үнемі көпшіліктің көкейінен шығып, халықтың ықыласына бөленіп отырды. Оның жырлары — отаншылдық, қаһармандық, азаматтық жырлар. Мен Мұхтардың сол кездегі ел ішіндегі ерлігін Бауыржан ағамыздың майдандағы ерлігіне балар едім. Ол кезде Мұхтар сияқты басын бәйгеге тіккен кісі жоқ та еді.

Автор: Ол жылдарда барлық облыстардағы қазақ мектептерінің мұғалімдері әдебиет сабақтарында, тәрбие сағаттарында Мұқағалидың, Қадырдың, Тұманбайдың өлеңдерімен бірге Мұхтардың да өлеңдерін жиі пайдаланатын.

Мырзатай: Сол уақытта әділеттілікті қалпына келтіру, желтоқсан оқиғаларын тексеру, жәбір көріп, жапа шеккендерді анықтау, ақтау үшін республика Жоғарғы Кеңесі жанынан арнайы комиссия құрылды. Оған жетекші болып Мұхтардың тағайындалуына күш салдық. Мұхтармен өне бойы байланыста болдық. Оның берген деректерін Өзбекәлі екеуіміз ылғи жұмыс бабында пайдаланып, негізсіз жазаланғандардың ісін қайта қаратып, әділ шешім шығарту үшін сотпен, прокуратурамен жұмыс істеп отырдық. Мұхтардың қаһармандық еңбегінің пайдасы өте зор болды. Соның нәтижесінде талай адамдар ақталды сол кезде.

Автор: Мырзеке, менде сол жылдардағы оқиғаларға орай, «Желтоқсан құрбандарын жоқтау» деген атпен 1992 жылы «Жалын» баспасынан 35 мың дана болып басылып шыққан кітап бар. Соның алғашқы бетінде «Алаш ұлдары ақталды» деген сүйінші хабар мен Мұхтар Шахановтың желтоқсан көтерілісіне қатысқан қазақ жастарына арналған өлеңі қоса берілген. Осы жерде оның жаңағы сіз атап өткен «Төрт ана» және желтоқсан көтерілісіне қатысқандарға арнаған сол өлеңдерінің азаматтық қуатын сезіну үшін мәтіндерін қоса бере кеткеніміз артық болмайтын секілді.

ТӨРТ АНА

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.
Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдыретті төрт ана:
ТУҒАН ЖЕРІ — түп қазығы, айбыны,
ТУҒАН ТІЛІ — мәңгі өнеге айдыны.
ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ — тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі.
Және ТУҒАН ТАРИХЫ,
Еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болса да.
Құдырет жоқ төрт анаға тең келер,
Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.
Өзге ананың ұлылығын танымас,
Төрт анасын менсінбеген пенделер.
Төрт анадан сенім таба алмаған
Тамырсыздың басы қайда қалмаған?!
Төрт анасын сыйламаған халықтың
Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана — тағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес — күрестердің ұлысы!

ТӨРТ ЖЫЛ КЕШІККЕН ШЫНДЫҚ

Әр дәуірдің еркіне сай нарқы өзгерген алтынның,
Айналайын алтын әнім, жас өркені халқымның.
Желтоқсанда шындық жырын жырлаймын деп шарқ ұрдың,
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.
Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,
Айналайын, айналайын, жас өркені халқымның!
Ерте айтылды, сондықтан да келте айтылды бұл әнің,
Уақытыңның әділетсіз соққысынан құладың.
«Нашақор» деп, «маскүнем» деп айыпталдың, ұланым.
Саған жапқан сол жаланы естіп үнсіз тұрғанша
Керең болып қалмады екен неге менің құлағым.
Айналайын, айналайын, жас қайратым, қыраным!
Темір қолдар қуатты еді алқымды қаусырған,
Намысыңды жықпай өттің нәубет, дүлей маусымнан.
Жасып қалған шақтарымда жігер алдым бойыма,
Түрме торын жарып шыққан сенің қайсар даусыңнан.
Жә, не деген нүктесі көп, бүкпесі көп өмір ең...
Төрт жыл өтті шындық күліп шыққанынша көгінен.
Оқ бойы озып тұрыпсың-ау сол аумалы кезеңде-ақ
Пышаққа сап бола алмайтын әкімдердің көбінен.
Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, Лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы!
Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!»

Осы айтылған «Желтоқсан құрбандарын жоқтау» кітабына халқым деп аттандап жүріп қазаға ұшыраған Ербол Сыпатаев, әуелі өлім жазасына кесіліп, артынан республика жұртшылығының, әлемдегі қоғамдық пікірдің талап етуімен қылмыстық ісі қайта қаралып, ақталуға бет алған шақта Семей түрмесінде құпия жағдайда өлім құшқан Қайрат Рысқұлбеков, Алматы музыкалық училищесінің оқушысы Ләззат Асанова, Өскемен педагогика училищесінің студенті Сәбира Мұхаметжанова және басқа да он екіде бір гүлі ашылмай ерте солған жауқазындарымыз жайында жоқтау өлеңдер, әңгімелер, очерктер және естеліктер кірген екен, оларды тебіренбей оқу мүмкін емес.

Ал Мұхтар, әділетін айту керек, бүгінгі таңдағы әлем таныған қазақ акыны ғой. 2002 жылы «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем жазушысы» атағы Шыңғыс Айтматовқа, ал «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем акыны» атағы Мұхтар Шахановқа берілуі осының айғағы. Ол көп жылдар Шыңғыспен іні-дос болып, қасында бірге жүрді. Қырғызстанда елші болып қызмет атқарған жылдарда екеуі бірігіп «Құз басындағы аңшының зары» атты кітап жазды.

Мырзатай: Бауыржанның «Ұлтың үшін отқа түс, күймейсің» деген сөзі бар ғой, тап сол сөзді ұстанған адам — Мұхтар. Ол сияқты халықтың жолында жанын шүберекке түйіп, міне, мен басымды байладым деген, одан басқа адамды сол кезде көргенім жоқ. Кез-келген орында осы позицияны ұстап отырды. Қазақ тілі қанатын кенге жаюы, ұлт мүддесі үшін өмір бойы күресіп келеді. Қазір білмеймін, шаршады ма, жасы да кеп қалды, денсаулығы да төмендеді. Емделуге бірнеше рет Түркияға барды. Көп болды көрмегеніме де. Оның кемшілігі — саясаткер еместігі. Өзі ақкөңіл, аңқылдақ. Айқайлап жүрсем, бар істі бітіремін деп ойлайды. Ал, айқаймен бітпейтін іс аз ба? Мұхтарды, бәрібір сол батырлығы үшін, ақындығы үшін, аңғалдығы үшін, кіршіксіз таза көңілі үшін, ұлтын шын сүйгені үшін жақсы көремін.

«Бастан асқан жұмысы,

Кененнің бас інісі.

Аязды астанамыздың

Бір рухани тынысы — Мырзатай ағама» — деп, немесе:

«Осы мырза жаныңмен,

Өзгеде жоқ барыңмен,

Құдай берген дарынмен,

Намысыңмен, арыңмен,

Бағың жансын, жан аға,

Даңқың қалсын ұлы ұлттық санада», — деген сияқты өлеңмен қолтаңба жазып, сыйлаған біраз кітаптары менің кітапханамда тұр...

